

МҰҒАЛІМ АТЫНА ЛАЙЫҚ ПА?

6-БЕТ | БІЛІМ



«ЖЕР!» ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕК

7-БЕТ | ҚОҒАМ



ТЫНЫҚ МҰХИТЫНАН ТЫНЫШТЫҚ КЕТТІ

8-БЕТ | ШАРТАРАП

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

2022 жылдан бері 14 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жері мемлекетке қайтарылды. Сондықтан Жолдауда мемлекетке қайтарылған жерді келесі жылдың ортасына дейін түгелдей тұрақты айналымға енгізу туралы тапсырма берілді. Әкімдіктердің осы мәселеге қатысты жоспарлары қағаз жүзінде қалып қоймауы керек. Ең бастысы, жер тағы да игерілмей, бос қалмауы қажет.

№137
(4881)
Бейсенбі
20 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ



ЖАСӨСПІРІМ ЖАЛЫҚПАЙДЫ

Елордада жасөспірімдер мен жастарға арналған қолжетімді және түрлі бағыттағы демалыс инфрақұрылымын құру ісі қалай жүріп жатыр? Бұл үшін қандай шаралар қолға алынған? Соның ішінде жастар орталықтарын дамыту мен тұрғын үйлерде орналасқан аула клубтарын қолдау жұмысы қай деңгейде? Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында талқыланған негізгі мәселелер осы болды. Аталмыш жұмыс жөнінде тиісті қалалық басқармалардың басшылары баяндама жасады.



ОНЛАЙН ТІРКЕУ

24 қарашадан бастап азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу қызметі толықтай онлайн форматқа көшеді. Бұл қызмет eGov.kz порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы көрсетіледі.

Бұл туралы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ хабарлады. Тұрғылықты жері бойынша онлайн-тіркеуден өту үшін пайдаланушының электрондық цифрлық қолтаңбасы және жеке кабинетіне тіркелген телефон нөмірі болуы қажет. Меншік иелері немесе үлескерлері кәмелетке толмаған балалар болса, сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдарды тіркеу тек офлайн, яғни ХҚКО-да жүргізіледі.

ДӘРІДЕН ТАПШЫЛЫҚ ЖОҚ

Бас қаладағы екі дәріханаға вирусқа қарсы дәрілердің жаңа партиясы әкелінеді. Бұл ақпаратты Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Үкімет отырысында жария етті.

Министр Астана қаласын вирусқа қарсы дәрілермен қамтамасыз ету 1-2 күннің ішінде толық шешілетінін жеткізді. Халық арасында сұранысқа ие дәрілерге қосымша өтінім берілген. Осыған байланысты 1-2 күннің ішінде 2 айлық қоры жасақталады. Астанадағы «Zerde» және «Медсервис» желілеріне сұранысқа ие дәрілер келіп, дәріханаларға таратылады. Емдеу мекемелерінде вирусқа қарсы және қызу түсіретін препараттардың, жеке қорғаныш құралдары мен дезинфекция құралдарының жеткілікті қоры қамтамасыз етілген.

БІРЫҢҒАЙ ЭКОЖҮЙЕГЕ БІРІКТІРІЛГЕН


«Астана Тазалық» ЖШС қалалық санитарлық қызметтің цифрлық трансформациясын көрмеде таныстырды.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Кәсіпорын ұсынған мониторинг жүйесі GPS-бақылауды, жанармай шығынын, цифрлық жол парақтарын және бағдарларды талдау құралдарын бір экожүйеге біріктіреді. Бұл шешім қазіргі уақытта қаланың 440 арнайы техникасына енгізіліп, есептілікті автоматтандыру, ЖЖМ шығысының ашықтығы және тиімді бағыттық жоспарлау бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп отыр. Электрондық жол парағымен бірге техниканың техникалық жағдайын онлайн бақылау, қызметкерлердің күнделікті медициналық тексерістен өтуін қадағалау, құжат айналымын оңтайландыру мүмкіндігі туды. Қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін «Med365» және «Адал чек» онлайн-медтексеру жүйелері қолданылып келеді, бұл желілік жұмыстардағы тәуекелдерді айтарлықтай төмендетеді.

АСТАНАДА ӨТЕДІ

«Қайрат» чемпиондар лигасында «Олимпиакос» (9 желтоқсан) пен «Брюггемен» (20 қаңтар) болатын матчтарын «Астана Арена» стадионында өткізеді.



«Алматыдағы Орталық стадионда матчты қыста өткізу тәжірибесі көрсеткендей, төмен температура, шатырдың жоғы, қар жауу қаупі жанкүйерлер үшін қолайсыздық туғызып, алаң қызметін қиындатады. Көрермендерге жайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау үшін матч жабық стадионда өтеді» деген хабарлама таратты клуб басшылығы. Билет бағасы 15000-50000 теңге аралығында болады. Бір адамға екі билеттен артық сатылмайды.

№137 (4881) 20/11/2025 Бейсенбі



ҚЫЛМЫС САНЫ АЗАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Президентке елдегі криминогендік ахуал, ішкі істер органдарына жүктелген міндеттердің орындалуы, соның ішінде «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру жұмыстары жөнінде баяндалды.

Ержан Сәденов 10 айда елдегі қылмыс саны 5,3 мыңға азайғанын және қылмыстың ізін суытпай ашу деңгейі жақсарғанын жеткізді.

Отбасылық-тұрмыстық деңгейдегі құқық бұзушылықтармен күрес белсенді түрде жүргізіліп жатыр. Алдын алу жұмыстарының нәтижесінде тұрмыстық сипаттағы қылмыс саны – 8 пайыз, оның ішінде кісі өліміне әкеліп соғатын жағдайлар 26 пайыз азайды.

Президентке берілген мәліметке сәйкес, іздеуде жүрген 1391 адам ұсталған. Олардың 138-і шетелде қолға түсті. Жедел іс-шаралар барысында 30 тоннадан астам есірткінің, соның ішінде бір тоннадан астам синтетикалық заттардың айналымға түсуіне жол берілмеді.

Ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл аясында ауыр және аса ауыр қылмысқа қатысы бар 185 қылмыстық топ ұсталды. Интернет-алаяқтықпен күрес бағытында 12 колл-орталық жойылды. Оның 7-уі шетелде орналасқан. Шамамен 83 миллион фрод-қоңырау және 4 мың алаяқтықпен айналысқан сайт бұғатталды. Сондай-ақ алаяқтардың 2,3 миллиард теңге қаражатты елден шығаруына тосқауыл қойылды.


Мемлекет басшысына жол қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп жатқан цифрлық шешімдер таныстырылды. Мәселен, дрондар көмегімен 6 мыңнан астам, орташа жылдамдықты өлшеу жүйелері арқылы 190 мыңнан астам жол жүру ережесін бұзу дерегі анықталды. Қабылданған шаралар нәтижесінде жол-көлік оқиғасы кезіндегі өлім-жітім саны 9,4 пайыз, соның ішінде мас күйінде көлік жүргізушілер кінәсінен болатын қайғылы жағдайлар 24 пайыз азайды. Egov mobile және жетекші банктер қосымшаларына интеграцияланған «Заң және тәртіп» мобильді сервисі іске қосылғаннан бері азаматтардан 32 мыңнан астам өтініш түскен.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына экстремизмге қарсы күрес пен көші-қонды бақылау шаралары жөнінде баяндалды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ҚАШЫҚТАН ОҚУҒА КӨШТІ

Еліміздің бас санитар дәрігері Сархат Бейсенованың айтуынша, республика бойынша 132 мектептегі 1469 сынып қашықтан оқуға көшу бойынша шешім қабылдаған.

Бұл Астана, Шығыс Қазақстан, Абай, Жамбыл, Қостанай, Ақмола, Қарағанды облыстарындағы білім ордаларындағы сыныптарға қатысты. Бір сыныптағы оқушылардың 30 пайыздан астамы бір уақытта ЖРВИ-мен ауырып қалса, толығымен онлайн оқуға жіберіледі. Ал егер сыныптағы балалардың 20%-дан астамы ауырса, кабинетте оқу жүйесі уақытша тоқтатылады.



ДЕКРЕТ ДЕМАЛЫСЫ ЕСКЕРІЛЕДІ

Енді зейнетақыны тағайындау кезінде жұмыссыз әкелердің декрет демалысы ескеріледі. Мәжіліс қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқығын қорғау мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Құжат аясында Еңбек кодексі мен «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Жұмыс істемейтін әкелердің зейнетақы төлемдерін есептеу кезінде бала күтіміне жұмсаған уақыты олардың жұмыс өтіліне қосылады. Сондай-ақ депутаттар Әлеуметтік кодекске осыған қатысты түзетулер енгізуді көздеп отыр. Қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмысшылардың еңбек құқығын қорғау туралы заң жобасында келісу комиссиясына делдал тарту туралы егжей-тегжейлі ережелер де ұсынылған. Ал өндіріс жарақатының ауырлығын анықтау ережелерін уәкілетті денсаулық сақтау органы бекітеді.

ОҢ ДИНАМИКА БАЙҚАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты қабылдады. Мемлекет басшысына аграрлық саланың биылғы он ай ішіндегі даму қорытындысы туралы баяндалды.

Министрдің айтуынша, есепті кезеңде негізгі макрокөрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Өнім өндіруде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, ауыл шаруашылығы 8,2 триллион теңгеге жетіп 5,4 пайызға артса, азық-түлік 9 пайызға ұлғайып 3,1 триллион теңге болды. Ал агросектор тауарларының экспорты 4,7 миллиард долларға дейін өсті.

Президентке агроөнеркәсіп кешеніндегі жағдайды жақсарту үшін соңғы екі жылда қабылданған шаралар туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, айналым қаражатын толықтыру және ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу үшін 5 пайыздық мөлшерлемемен тікелей несие беріле бастады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру көлемі 1 триллион теңгеге дейін ұлғайды. Оның 250 миллиард теңгесі ауыл шаруашылығы техникасына жеңілдетілген лизинг беруге бағытталған. Биыл 25 мыңнан астам техника сатып алынды. Нәтижесінде машина-трактор паркінің тозу көрсеткіші 90 пайыздан 70 пайызға дейін төмендеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары қабылданады. Саланы цифрландыру аясында «е-АӨК» бірыңғай цифрлық экожүйесін құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл платформа субсидиялау, жер қорын басқару, егін, мал және балық шаруашылықтары бойынша көрсетілетін қызмет түрлерін, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді ортақ цифрлық арнаға тоғыстырады.

Кездесу соңында Президент Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің екінші форумында агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту бойынша берілген тапсырмаларды сапалы орындау қажет екеніне назар аударды. Сондай-ақ саланың тиімділігін арттыруға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған бірқатар міндет жүктеді.



БАҒАҒА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Инфляцияны тұрақтандыру мәселелері бойынша өткен апталық кеңесте Вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Сауда және интеграция министрлігіне азық-түлік қоржынына терең талдау жүргізіп, оның құрамына енетін тауарлардың бағасын тұрақтандыруға бағытталған нақты шаралар әзірлеуді тапсырды.

Қараша айының алғашқы екі аптасында Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жалпы бағасы 0,1%-ға өсті. Бірқатар көкөністің бағасы арзандауда. Мысалы, сәбіз 1,7%-ға, орамжапырақ 1,8%-ға, пияз 0,4%-ға арзандады. Дегенмен картоп бағасы өсіп отыр. Ол соңғы аптада 0,2%-ға, қарашаның алғашқы екі аптасында 2,2%-ға көтерілді. Ел бойынша картоптың орташа бағасы – келісіне 188 теңге.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың мәліметінше, картоп бағасының соңғы 4-5 аптада 4,5%-ға қымбаттауына экспорттың қайта жандануы әсер еткен.

«Екі айда картоп экспорты 300 мың тоннаны құрады. Ал жақын уақытқа жоспарланған экспорт келісімшарттары көлемі – шамамен 200 мың тонна. Осылайша, біз елдің азық-түлік қауіпсіздігі үшін қауіпсіз саналатын 500 мың тонналық жоспарлы шекке жақындап келеміз» деді Айжан Бижанова.

Вице-премьер Сауда және интеграция министрлігіне картоп қорының жеткілікті көлемін қамтамасыз ету мәселесін Сыртқы саясат және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына енгізуді тапсырды.

Қарашаның екі аптасы ішінде тауық жұмыртқасы мен құс етінің бағасы да 0,4%-ға өсті. Бұған, негізінен, жем-шөп пен импорттық құрамдас бөліктердің қымбаттауы себеп болып отыр. Айжан Бижанованың айтуынша, күнбағыс майын өндірушілер құс фабрикаларын жем өндірісіне қажетті арзандатылған май көлемімен қамтамасыз еткен. Бағаны ұстап тұру үшін арзандатылған астық та қажет. Осыған байланысты Серік Жұманғарин Азық-түлік корпорациясына қысқа мерзімде құс фабрикаларын резервтен жемдік астықпен қамтамасыз етуді және ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде қолжетімді құс етінің көлемін арттыруды тапсырды.

Қарақұмық жармасының бағасы қараша айының алғашқы екі аптасында 1,3%-ға қымбаттағандықтан, Азық-түлік корпорациясына бұл өнімнің қосымша көлемін тұрақтандыру қорларына тікелей сатып алып беру арқылы толықтыру міндеті жүктелді.

«Коммуналдық қызмет тарифтерін өзгерту уақытша тоқтатылған. Қазіргі таңда инфляцияға ықпал етіп отырған және мемлекеттік шаралармен реттеуге болатын негізгі фактор – азық-түлік тауарлары. Бұл тек әлеуметтік маңызы бар өнімдерге ғана емес, азық-түлік қоржынына кіретін әрі мемлекеттік реттеу аясынан тыс қалған барлық тауарға да қатысты. Сауда және интеграция министрлігі азық-түлік қоржынының құрамына талдау жүргізіп, бағаны тұрақтандыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеуі тиіс» деді Серік Жұманғарин.

Сондай-ақ тауар айналымы толық қадағалануы қажет. Артық делдалдарды жою, бақылау мен құжат айналымын күшейту нарықтың ашықтығын арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде бағаның қолжетімді деңгейде сақталуына ықпал етеді.

Қазақстан Үкіметі ЖІӨ көлемінен экономикалық өсу сапасына назар аудара отырып, елдің дамуын бағалаудың жаңа моделіне көшуде. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин айтып берді. Оның айтуынша, өсуді қамтамасыз етуде адами капитал, негізгі капитал, табиғи ресурстар, еңбек өнімділігі және технологиялар сияқты маңызды факторлардың үлесі ескеріледі. Осыған байланысты әлеуетті жалпы ішкі өнім бойынша экономикалық өсудің декомпозициялануы енгізілуде, бұл экономиканың нақты неден өсіп жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Өсудің ең маңызды факторы «жиынтық өнімділік» болып отыр. Ол экономикалық өнімді құру процесінде еңбек пен капитал сияқты барлық өндіріс факторын пайдалану тиімділігін өлшейді. Жиынтық өнімділіктің өсуі тиімділіктің жақсарғаны мен технологиялық прогресті көрсетеді. Статистикаға сүйенсек, 2001-2024 жылдар аралығында өндіріс тиімділігі экономиканың негізгі қозғаушы күші болған.

«Еңбек өнімділігін, тиімді жұмыспен қамтуды және капиталдың технологиялық деңгейін арттыру арқылы ұзақмерзімді өндіріс қабілетін жоғарылатуға басымдық беріледі. Бұл өз кезегінде жалпы ішкі өнімнің өсуі мен жалақының артуы арасындағы алшақтықты біртіндеп жоюға алып келеді» деді Серік Жұманғарин.

№137 (4881) 20/11/2025 Бейсенбі

ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден Amanat партиясының қалалық филиалында азаматтарды қабылдады.

Кездесу барысында тұрғындар аулаларды қардан тазарту, инватакси қызметінің жұмысын жақсарту, қиын жағдайға тап болған азаматтарға уақытша баспана беру, қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу жүйесін дамыту, қоғамдық көліктің сапасын арттыру және Joltap жобасын қолдау сияқты мәселелерді көтерді. Жүк көліктерінің жүргізушілері де ешқандай нақты бұзушылықсыз айыппұлдардың көбейіп кеткеніне шағымданды. Мәслихат төрағасы барлық өтінішті қабылдап, тиісті мемлекеттік органдарға сауалдар жолдады, негізгі мәселелерді жеке бақылауына алды.

БОЛАШАҚТЫҢ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ҚАНДАЙ?

Елордада техника және өндіріс саласында табысты мансап құруға қызығушылық танытқан 500-ден астам жасты біріктірген «Болашақтың жұмысшы мамандықтары» атты жастар форумы өтті.

Жастарға сұранысқа ие мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат алуға, сарапшылардың кеңесін тыңдауға, елорданың жетекші жұмыс берушілерімен пікір алмасуға және заманауи өндірістің қалай жұмыс істейтінін өз көзімен көруге мүмкіндік берген форум «Жастар рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен өтті және Қазақстан жастары арасында жұмысшы мамандықтарын дамытуға бағытталған кең ауқымды жұмыстың маңызды бөлігіне айналды.

Қатысушылар алдымен «Metal-Former» ЖШС өндіріс алаңына барып, заманауи жабдықталған желілердің жұмысын, шатыр және қаптама материалдарының жасалу кезеңдерін көрді, сондай-ақ өндіріс орындарындағы негізгі талаптар мен қажетті дағдылармен танысты. Экскурсиядан кейін политехника колледжінде мемлекеттік органдар, ірі компаниялар және жастар ұйымдарының өкілдері қатысқан диалог алаңы ұйымдастырылды. Қатысушылар мамандардан кеңес алып, инженерлік және өндірістік бағыттардағы мансап мүмкіндігі туралы қосымша ақпарат алды.



Панельдік пікірталастың модераторы – қалалық мәслихат депутаты және «Жастар рухы» Астана қалалық филиалының төрағасы Арсланбек Мағзұм. Ол өз сөзінде форумның маңызын атап өтіп, мұндай алаңдардың жастарға еңбек нарығындағы өзгерістер мен талаптарды түсінуге көмектесетінін айтты. Одан кейін сөз алған «Жастар рухы» жастар қанатының төрайымы Ақерке Ескендір жұмысшы мамандықтарын дамыту ұлттық деңгейдегі басым бағыт екенін атап өтті. «BI Group» компаниясының даму жөніндегі директоры Бексұлтан Олжабай да сөз алып, құрылыс саласында жас техника мамандарына деген сұраныстың артып келе жатқанын айтты. Ол өндіріс орындарына практикалық дағдылары бар жас кадрлар қажет екенін және жастар ұйымдарымен ынтымақтасу кәсіби мамандарды даярлаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Пікірталас аясында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай кездесулер алдағы уақытта жиі өтіп, жастардың жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуына, өндіріс орындарын аралауына және мамандық таңдау бойынша кеңес алуына жағдай жасалады. Форум жастардың жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын арттырып, бұл бағыттың тек тұрақтылық қана емес, нақты мансаптық өсу мүмкін екенін көрсетті.

ЖҰҚА МҰЗБЕН ЖҮРМЕҢІЗДЕР!

Жыл сайын жұқа мұз адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Әдетте, көбінесе балалар мен балықшыларға қатер келеді. Сондықтан қарапайым қауіпсіздік ережелері сақталуы керек. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Бауыржан Ахметалин мәлім етті.

Спикердің айтуынша, қала арқылы ағатын Есіл өзенінде мұз біркелкі қатпайды. Оның бетінде шұңқырлар мен жұқа мұз жамылғылары, әсіресе ағыс аймақтарында, көпірлер қасында және жылы су төгілетін орындарда пайда болады.

«Қалалық инфрақұрылымның әсерінен мұз қалыңдығы бірнеше метр қашықтықта да айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар Астанада болатын қатты жел қалың қардың қалыптасуына ықпал етеді, ал қар аса қауіпті жерлерді жасырып тұрады. Осыған байланысты күзгі-қысқы кезеңде азаматтардың қалалық су қоймаларында қаза болуы мен жарақат алуын болдырмау мақсатында Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті қажетті кешенді шараларды жүзеге асырады. Қалада мұз қату кезеңі басталған уақытта департамент қызметкерлері күнделікті рейдтер мен патрульдік жұмыс жүргізеді, оның барысында тұрғындарға мұздағы қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмысы жүргізіліп, нұсқаулар беріледі. Астананың тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аудандық әкімдіктермен бірлесе отырып, су қоймаларының ең қауіпті аймақтарына мұзға шығуға тыйым салатын ескерту белгілері орнатылды» дейді Бауыржан Ахметалин.

Оның айтуынша, бұл бағыттағы жұмыс балаларға жеке жүргізіледі. Департамент қызметкерлері білім беру нысандарына барып, балалар мен студенттерге қажетті қауіпсіздік дағдыларын үйретін әртүрлі сабақ өткізеді.

«Бүгінде қаланың су қоймаларында мұздың қалыңдығы 1-2 см-ді құрайды, бірақ кей жерлерде одан да аз. Бұл мұз арқылы жүру мен мұз асты балық аулаудың қауіпті екенін білдіреді. Осындай қалыңдық адам салмағын көтеруге жеткіліксіз. Қауіпсіз жүру үшін мұздың қалыңдығы 10 см-ден аз болмауы қажет» дейді басқарма басшысы.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, қиын-қыстау жағдайда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін Астана қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының фельдшері Ұлдана Қалдарханқызы Мырзуан (марқұм) «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

«ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова Ұлдана Қалдарханқызы өзінің кәсіби міндетін орындау кезінде ауыр жарақат алып, арада 10 күндей өткенде қайтыс болғанын қайғыра жеткізді. Тұрғын үй кешенінің сыртқы кірпіш қаптамасының бір бөлігі құлаған кезде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсете отырып, өзі де ауыр жарақат алып, өте ауыр жағдайда ауруханаға жеткізілгенін айтты. 8 қарашадан бері дәрігерлер оның өмірі үшін күресіп, жағдайын тұрақтандыруға бар күшін салды. Алайда, өкінішке қарай, алған ауыр жарақаттары оның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік бермеді.

Астана қаласының әкімдігі қаза тапқан фельдшердің отбасына жанжақты қолдау көрсету жоспарланғанын мәлімдеді. Соның ішінде материалдық көмек көрсету және жерлеу рәсімін ұйымдастыруға байланысты шығындарды өтеу қарастырылған. Сондай-ақ белгіленген тәртіппен сақтандыру бойынша өтемақы төленеді.

ЕСІРТКІДЕН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫН ТҮСІНДІРДІ

Астана қаласы әкімдігінің Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №4 балалар кітапханасында «Нашақорлық – ғасыр дерті» тақырыбында кездесу өтті.



Іс-шара жастар, студенттер мен оқушылар арасындағы нашақорлықтың алдын алу, сондай-ақ профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған «Астана – есірткісіз қала» қалалық жобасы, «Заң мен тәртіп» қағидаты шеңберінде ұйымдастырылды.

Еркін әңгіме түріндегі кездесуге №48 мектептің 8-сынып оқушылары қатысты. Қонақ ретінде шақырылған спикерлер – Алматы ауданы Полиция басқармасы жасөспірімдер бөлімшесінің аға инспекторы Ақдидар Шаримбекова мен учаскелік полиция инспекторы Мұхаметдин Қалабаев есірткі заттарын қолданудың салдарын айтып, есірткі саудасының қатысушысы болудан сақтану жолдарын түсіндірді. Оқушыларға мұндай жағдайлардың алдын алу және қиын сәтте қолжетімді көмек шаралары туралы өзекті ақпарат ұсынды.

Аға инспектордың айтуынша, есірткі тасымалымен айналысқаны үшін 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Яғни Қылмыстық кодекстің 297-бабы бойынша қамауға алынады.

Ал №4 балалар кітапханасының меңгерушісі Галина Збоеваның айтуынша, есірткі қолдану және басқа да жаман әдеттердің алдын алу үшін кітапханада жоспарлы түрде іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады.

«Өкінішке қарай, қоғамымызда нашақорлық жоқ емес. Сондықтан ересектердің мақсаты – жастар мен жасөспірімдерді мұндай келеңсіздіктен сақтандыру. Бұл үшін біз жыл сайын жоспарлы түрде осы тақырыпта іс-шаралар ұйымдастырып тұрамыз. Кітапхана мемлекеттік мектептермен де, жекеменшік мектептермен де бірлесе жұмыс істейді. Бізге әр жастағы оқырмандар келеді. Сондықтан іс-шаралар еркін әңгіме, дәріс, кітап көрмесі ретінде ұйымдастырылады. Онда оқырмандарға ішімдікке салыну мен нашақорлықтың қасіретін айтып, спортпен, пайдалы іспен шұғылдану жолдарын түсіндіреміз. Полиция инспекторлары балаларға есірткіге қатысты күнделікті өмірде кездесуі мүмкін жайттардан қалай қорғану, ондай күмәнді жағдайлар болған кезде кімге хабарласу керектігін нақты мысалдармен айтып берді» деді ол.

Кездесуде оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарға толық жауап алды.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

№137 (4881) 20/11/2025 Бейсенбі





ШЕТКІ АЙМАҚТАР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫНАН ТАПШЫЛЫҚ ЖОҚ

Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраевтың мәлімдеуінше, осы жылдың басында бас қалада ресми статистика мәліметі бойынша жастар саны 480 мың адамнан асты. Бірақ бұл басқарма жасырын көші-қонды есепке алғанда олардың саны 500 мыңнан асты деп есептеп отыр.

– Қазіргі таңда елордада 20 жоғары оқу орны жұмыс істеп жатыр. Студенттер саны – 105 мың адам. Олардың 73 мыңы – елдің басқа өңірлерінен келіп оқып жатқандар, 4500-і – шетелдіктер. Студенттерді жатақханамен қамту үшін студенттер жатақханасы құрылысымен айналысатын фронт-кеңсе ашылған. Бүгінге дейін 100-ден астам инвесторға кеңес беріліп, 50-ге жуық инвест-келісімшартқа қол қойылды. 2023 жылдан бері 8779 орындық 17 жатақхана салынды. Атап айтқанда, биыл 6 жатақхана бой көтерді. Жылдың аяғына дейін тағы 2 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланған. Соның ішінде инклюзиялық білімді қажет ететін студенттерді қолдауға арналған жатақханада бос орындар бар. Жалпы осы жылы студенттер жатақханаларында орын тапшылығы жоқ, – деді Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев.

ШЕТКІ АЙМАҚТАРДА 10 АУЛА КЛУБЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Оның айтуынша, жастар мәселесімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдармен әріптестік аясында Жастар сарайында бөлмелер берілген. Соның бірі «Қазақстанның КТК одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің коворкингі жұмысына арналған. Бұған қоса, волонтерлік қозғалысты қолдау шаралары қолға алынған. Әскери-тарихи музейге балалар мен жасөспірімдердің «Жас сарбаз» республикалық ұйымының Астана қалалық филиалы орналасты. Сондай-ақ Мичурин тұрғын алабында «Batyrlar» атты әскери-патриоттық орталық жұмыс істеп жатыр.

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығы жастар мәселелерімен айналысуда. Бұл орталық 6 мың белсенді волонтердің басын қосқан қалалық волонтерлік штаб қызметін қамтамасыз етіп, қаланың шеткі аймақтарындағы 10 аула клубының жұмысын үйлестіреді, «Замандас» атты 7 коворкинг клубын дамытумен айналысады.

– Сонымен қатар «Астана жастары» орталығы нашақорлық пен лудоманияның алдын алу сынды әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жұмыс істейді. NEET санатындағы жастар мәселелерімен айналысып, жастардың бастамаларын қолдайды, құқықтық көмек көрсетіп, «Joltap» және «Freelance mumkindik» жобалары арқылы жұмысқа тұрғызуға септеседі, жастар шығармашылығын дамытып, салауатты өмір салтын насихаттайды, – деді Самат Ибраев.

Баяндамашы «Заң мен тәртіп» нарративі мен «Астана – есірткісіз қала» жоспарын іске асыру аясында 200 іс-шара өткенін жеткізді. «Jauap» подкасты іске қосылып, ол жастар арасында танымалдыққа ие болғанын айтты. Жалпы әлеуметтік желілерде 30 бейнеролик жарияланғанын атап өтті.

ҚОСЫМША БІЛІММЕН 62 ПАЙЫЗ ҚАМТЫЛҒАН

Қосымша баяндама жасаған қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру жұмысы қалай жүргізіліп жатқанымен таныстырды.

– Бұл бағытта 122 филиал мен 8 орталық жұмыс істейді. Жалпы қаламызда қосымша білім беру деңгейі 62 пайызды құрап отыр. Балалардың бос уақытын ұйымдастыру, денсаулығын нығайту бағыттары, соның ішінде олардың спортпен айналысуы мен тәрбие жұмысы – оның маңызды бөлігі. Бүгінгі таңда қалада 875 спорт секциясы бар. Онда 92 мыңнан астам бала спортпен айналысады, – деді Қасымхан Сенғазыев.

СПОРТ НЫСАНДАРЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекзат Тамшыбай спорт нысандарына қолжетімділік, бұқаралық спортты, балалар-жасөспірімдер спортын дамыту бағыттарындағы жұмыстарға тоқталды.

Оның мәлімдеуінше, қазіргі таңда елорда тұрғындарын спорт инфрақұрылымымен қамтудың орташа деңгейі 37,1%-ды құрайды. Жалпы бас қалада 819 спорт нысаны жұмыс істесе, соның 35-і – ірі кешендер.

– Спорт нысандарының саны жыл сайын өсіп келеді. Бұл, негізінен, жаңа салынған жалпы білім беретін мектептердің спорт залдары мен ашық спорт алаңдарының есебінен қамтамасыз етіледі. Аудан әкімдіктері ішкі аумақтарды абаттандыру бағдарламасы аясында жазық спорт нысандарын салып жатыр. Тұрғындарға дене шынықтырумен жаппай айналысуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында астананың шеткі аудандарында, атап айтқанда, Көктал-2, Өндіріс, Ильинка және Железнодорожный тұрғын алаптарында 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. 2022 жылы қалада Мамандандырылған спорт-медицина орталығы және «Арғымақ» атты жаңа спорттық сауықтыру кешені ашылды. 2024 жылы әлемдік Көшпенділер ойындарын өткізуге дайындық аясында «Қазанат» ипподромы, «Астана Арена» стадионы және «Алау» мұз сарайы қайта жаңғыртудан өтті. Жеке инвестициялар есебінен салынған нысандардың ішінде Sana Sport, QazSwimAcademy және Kodokan Spirit спорт орталықтарын атауға болады, – деді Бекзат Тамшыбай.

Оның айтуынша, осы жылдың бірінші жартыжылдығында жабық футбол манежі, Alpha Gym және Ozen спорт кешендері, Бекзат Саттарханов атындағы заманауи орталық пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін келесі нысандардың құрылысы аяқталады деп жоспарлануда: көркем гимнастика залы, Орталық саябақта шаңғы базасы, сондай-ақ қолжетімді ортаны дамытуда маңызды қадам болатын инклюзивтік спорт орталығы. Қазіргі таңда Қ.Мұңайтпасов атындағы стадион мен «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңғырту жұмысы жүргізілуде.

СПОРТПЕН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ 41 ПАЙЫЗЫ АЙНАЛЫСАДЫ

Бекзат Тамшыбайдың баяндауынша, Астанада жүйелі түрде спортпен 700 мыңнан астам адам немесе тұрғындардың 41 пайызы айналысады. Бұл көрсеткішті осы жыл аяқталғанға дейін 42 пайызға жеткізу көзделген.

Қалалық деңгейде жүзеге асатын тегін жобалар мен бағдарламаларға тоқталған ол «Aulafit», «Астана – есірткісіз қала», «Funny sport» жобаларын, йога және скандинавия жүрісінен тегін жаттығуларды атап өтті.

Басқарма басшысының орынбасары аталмыш ведомство құрамында 19 бағыныстағы ұйым барын айта келе, соның ішінде 10 спорт мектебі барын жеткізді. Жалпы алғанда, 8769 оқушы баратын бұл мектептерде 59 спорт түрі дамытылады. Соның 40-ы – олимпиадалық спорт түрлері.

Сондай-ақ отырыста елорда бюджетінің кіріс бөлігін толықтыру бағытындағы жұмыс барысы баяндалды. Туындаған қажеттілікке байланысты қоғамдық көліктің әлеуметтік маңызды бағдарлар тізімін кеңейту, елорданың барлық білім беру ұйымында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитындарға қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүру бойынша қалалық мәслихат шешіміне өзгеріс енгізу, үй жануарларын серуендетуге тыйым салынған орындарды қаулымен бекіту мәселелері қаралды. Қоғамдық кеңес мүшелері тиісті мәселелер бойынша сауалдарды қойып, ұсыныстар мен пікірлерін жеткізді.



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛАЙ САҚТАЙМЫЗ?

Қазіргі цифрлық дәуірде ұлттық бірегейлікті қалай сақтаймыз? Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы осы мәселеге арналды.



Осы жолғы жиын Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицейде өтті. Бұл бекер емес. Отырыста негізгі баяндаманы жасаған тарихшы, этнолог, салт-дәстүріміз бен қазақы құндылықтарды дәріптейтін «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры Тұрар Шәкен осы білім ошағында бар жабдығымен киіз үйді құрып қойды. Ол кеңес мүшелерін күмбірлеген күймен қарсы алып, осы киіз үймен, ұлттық нақыштағы бұйымдар қойылған көрмемен таныстырды.

Отырысты ашқан аталмыш кеңес төрағасы Серікзат Дүйсенғазы талқыланғалы тұрған тақырыптың мән-маңызына тоқталды. Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек бұл партия ұлттық құндылықтарды ұлықтауды бір бағыт етіп алғанын, мәселен, елордадағы тұрғын үй кешендерінің атауларын қазақыландыру, қала көшелеріне қазақы атаулар мен белгілі тұлғалардың аттарын беру, көшенің бірін көрнекті ақын Несіпбек Айтұлының есімімен атау секілді мәселелерді Amanat-тың астаналық филиалы көтергенін, тиісті жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді. Мемлекет басшысының Жолдауындағы цифрландыру, жасанды интеллект мәселелері бойынша берген тапсырмалардың орындалуына тоқталды.

«Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры Тұрар Шәкен қазақы құндылықтарды насихаттаймын деп кейінгі жылдары елордадағы 100-ден астам мектепке, 80-нен аса балабақшаға барғанын айта келе, қазір туындап жатқан мәселелерді жеткізді. Әсіресе, бұл жастардың тәрбиесіне қатысты болып отыр. Мәселен, жуырда Threads деген әлеуметтік желіде қаракөз қыздарымыз қазақы құндылық қажет емес деп жар салған. Соны оқығанда шошығанын айтқан спикер ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, дәріптейтін қазақ орталығын ашу керектігін жеткізді. «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің жұмысын мемлекеттік органдардың қолдау мәселесін көтерді.

Осы ұйымды Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив басқармасы қолдап келді. Мысалы, аталмыш басқарманың қолдауымен «Қара шаңырақ» «Қазағымның дәстүрлері-ай» сынды іс-шараны, басқа да түрлі байқауларды өткізді. Осыны айтқан аталмыш басқарманың бөлім басшысы Нұрзила Қасқатаева мекеме бір ұйымды үнемі қолдай берсе, бұл жемқорлық болып көрінетінін, сондықтан соңғы 1,5 жыл көлемінде «Қара шаңырақты» қолдау тоқтағанын, мекеме тиісті заңға сәйкес қоғамдық бірлестіктермен жұмыс істеп жатқанын жеткізді. «Қара шаңырақ» басшылығына заңға сәйкес конкурстарға қатысу туралы айтылғанын атап өтті. Тұрар Сәттарқызына қазіргі заманға сәйкес дәрістерін TikTok секілді әлеуметтік желілерге жүктеуді ұсынды. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау орталығын «Жанұя» орталығының жанынан ашуға болады деген ойын айтты.

Ақын, сыншы Сұраған Рахметұлы қазақы құндылықтарды цифрландыру дәуіріндегі жаңа технологиялармен байланыстыру керектігі жөнінде пікірін жеткізді. «Miras» қоғамдық кеңесінің мүшелері Яннат Асхатқызы, Қабиден Қуанышбай, Бақаргүл Төлеген тиісті мәселе бойынша көзқарасын айтты. Осы кеңес төрағасы Серікзат Дүйсенғазы ұлттық құндылық мәселесін Парламент Мәжілісінде депутат Ринат Зайытов көтергенін, осы бағыттағы біраз мәселені бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тетігі арқылы шешуге болатынын атап өтті.

Отырысты түйіндеген Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек бұл партияның қазақы құндылықтарға қатысты «Ұлттық мұра» бағдарламасы барын айта келе, жалпы ұлтқа қатысты мәселелерді шешуге барша мекеме бір жұдырық болып жұмылу керектігін, соның ішінде елорданың Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ғана емес, Мәдениет, Білім, Жастар саясаты мәселелері басқармалары да атсалысу керектігін жеткізді.



№137 (4881) 20/11/2025 Бейсенбі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚАУІПСІЗДІК – СЕНІМНІҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Заң мен тәртіп, азаматтардың қауіпсіздігі және құқықтық тәртіп жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу – мемлекеттік саясаттың басты қағидатына айналуы тиіс. Адамның өмірі мен денсаулығы – ең қымбат құндылық, мемлекет оны сенімді қорғауға міндетті» деп қауіпсіздік мәселесіне ерекше тоқталды.

Алайда соңғы айларда орын алған қайғылы оқиғалар түнгі клубтар мен ойын-сауық орындарының қызметінде әлі де жоғары деңгейдегі қауіптің сақталып отырғанын көрсетті. 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларының өзінде республика бойынша «102» жедел арнасына ойын-сауық орындарындағы құқық бұзушылықтарға қатысты 45992 шағым түсті. Осы орайда Астана қаласы бойынша 11569 шағым, оның ішінде: клубтарда – 2718, мейрамханаларда – 2269, кафелерде – 6582. Алматы қаласында да дәл осындай жағдай орын алып отыр (11021). Бұл көрсеткіш басқа өңірлермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары:



Шымкенттен – 2 есе (5626), ШҚО-нан – 4 есе (2806), Қызылорда облысынан – 7 есе (1557), Жамбыл облысынан – 8 есе (1471), СҚО-нан – 12 есе (947), Маңғыстау облысынан – 14 есе (833), Түркістан облысынан – 20 есе (586).

Елорданың «Amazon» клубында орын алған резонансты оқиғаны айрықша атап өту қажет. Жексенбіге қараған түні пышақ қолданылған жанжал салдарынан 19 жастағы азамат қаза тапты. Көптеген айыппұлдар мен әкімшілік хаттамаларға қарамастан, заң бұзушылықтар жалғасуда. Әлеуметтік желілерде бұл саладағы «көлеңкелі экономиканың» көріністері – заңсыз алкоголь сату, салықтан жалтару, жекелеген орындарды «қорғау» фактілері кеңінен талқылануда.

Негізгі мәселелер мыналар:

• түнгі клубтардың лицензиялануы мен қызметіне жеткілікті бақылаудың болмауы;

• қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің жүйелі түрде бұзылуы;

• мекеме иелеріне қолданылатын санкциялардың тиімсіздігі;

• көлеңкелі экономика мен бюджетке түсетін салықтардың айтарлықтай азаюы.

Халықаралық тәжірибеге үңілсек, мысалы, Германияда түнгі клуб лицензиясы жыл сайын жаңарып отырады, қауіпсіздік талаптары бұзылған жағдайда, ол бірден қайтарып алынады. Сингапурда клубтардағы бейнебақылау полицияға онлайн режимде беріледі, ал шымен тәртіпсіздікке жол берген орындар ұзақ мерзімге жабылады. БАӘ-де (Дубай тәжірибесі) клубтар қатаң салықтық және цифрлық бақылауда, алкоголь сату тек арнайы лицензияға байланысты жүзеге асырылады. Осыған байланысты Үкіметтен төмендегі ұсыныстарды қарастыруды сұраймын:

1. Заңнамалық нормативтік толықтырулар арқылы түнгі клубтар мен барларды лицензиялау талаптарын күшейту; міндетті қауіпсіздік стандарттарын енгізу (полицияға онлайн-қолжетімді бейнебақылау, күзет, өрт дабылы, эвакуация кезінде шығу жолдары); мекеме иелерінің келушілердің өмірі мен денсаулығына жеке жауапкершілігін бекіту; жұмыс уақыты мен алкоголь сатуды бақылауға алу.

2. Түнгі клубтар мен барлардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін құрып, тексерулер мен анықталған заң бұзушылықтар туралы ақпаратқа заң аясында ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету.

3. Аталған нысандардың қызметін әкімдік, ішкі істер және төтенше жағдай министрліктері мен салық органдары тарапынан ведомствоаралық бақылауды күшейту.

4. Мониторингтің цифрлық технологияларын енгізу: бейнебақылау деректерін заң аясында онлайн беру, электронды лицензиялау, салық түсімдерінің автоматтандырылған есебі.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің конституциялық парызын орындау ғана емес, сонымен бірге қоғамның билікке деген сенімінің шарты.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН БҰЗАТЫНДАРҒА ЖАЗАНЫ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Соңғы жылдары елімізде әйел мен бала құқығын қорғайтын көптеген іс-шара атқарылуда. Мәселен, мектептегі буллингке және отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы заң нормалары қабылданды. Құқық қорғау органдарында осы бағытта жұмыс істейтін біршама мекеме құрылды. Яғни құжат жүзінде бала қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Ал шын мәнінде бала құқығы мен қауіпсіздігі жан-жақты қорғалып жүр ме? Бұл туралы осы саланың маманы, елордаға белгілі адвокат Ләззат АХАТОВАМЕН тілдескен едік.



– Өзіңіз білесіз, балалар қылмысы өршімесе, азайған жоқ. Мектепте әлімжеттік, буллинг әлі жалғасып келеді.

– 2023 жылы тиісті органдарда 1735 жасөспірім қылмысы тіркелсе, былтыр 1925 қылмыс тіркелген. Тонау, ұрлық, ұрып-соғу, бұзақылық сияқты қылмыстар балалар арасында көп. Жәбірленуші тарап – балалар. Яғни жоғарғы сыныпта оқитын балалар өзі қатарлы немесе өзінен жасы кіші балалардың өміріне, денсаулығына қауіп төндіреді. Қанша жерден заң нормаларын қатайтса да, қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізіліп жатса да, балалар өміріне төнетін қауіп жоқ, олар толыққанды қорғауда дей алмаймыз.

– Ондай балаларды ата-анасынан алып, тиісті мекемелерге өткізіп, тәрбиелеу қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?

– Бұл жағын зерделеп жатқанымыз шамалы, тек көрсеткіш дұрыс болса болды. Бұзақы балаларды жазалағанмен, олардың түзелуінен гөрі, керісінше, теріс жолға түсіп кету қаупі көбірек. Сондықтан отбасындағы тәрбиеге қатты көңіл бөліну қажет. Отбасы тәрбиесі – тек сол отбасындағы ата-анасының мәселесі деп қарамай, қоғам болып назар аударып, мемлекеттік деңгейде қолға алатын шаруа. Мектептерде психологтар жұмыс атқарғанмен, бүкіл баланың жан дүниесін ұғынып, көмек беру мүмкін емес. Қазіргі таңда жас ата-аналардың өзіне тәрбие керек сияқты көрінеді. Әсіресе жас аналардың баланы бетімен жіберуі, не істесе де, басқа балаға зәбір көрсетіп жатса да, баласына дұрыс емес әрекетін түсіндірудің орнына ұстаздармен ұрысып, баласына шаң жуытпау тенденциясы немесе керісінше баланы қалыпқа салып, тәрбиелеп, ұрып-соғып, үркітіп, айтқанын істету тенденциясы қалыптасып кеткендей. Екі тәсіл де баланың дұрыс азамат боп қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Бірінші жағдайда баланың қатыгездігі өскен сайын өсе береді де, жоғарыда аталған қылмыстарды жасауға итермелейді. Кей жағдайда отбасындағы материалдық жетіспеушілік те, жалғызбасты ананың ер балаға тиісінше тәрбие бере алмауы да оның теріс жолға түсуіне себеп екенін практикадағы істерден көріп жүрміз. Өйткені қазақ қоғамында әке мектебі – үлкен институт. Сол институтты дамыту керек, әкелердің бала тәрбиесіне атсалысуын насихаттайтын бірлестіктерді, одақтарды көбейту керек деп ойлаймын.

– Дегенмен елімізде толыққанды емес отбасылар аз емес. Жалғызбасты аналар саны жыл санап көбеймесе, азайып жатқан жоқ.

– Өкінішке қарай, солай болып тұр. Статистикаға сүйенсек, 2022 жылы жалғызбасты аналар саны 476000 болса, былтыр 863000-ды құраған. Екі жылда екі есеге артты. 2024 жылы жалғызбасты әкелердің саны 52000 болған. Көріп отырғандай, баланы жалғыз тәрбиелеп отырған әйелдер саны ерлерге қарағанда 8 есе көп, яғни ер-азаматтардың бала өмірінде, тәрбиесінде әйелдерге қарағанда жауапкершілігі аз. Балаға ата тегін беремей, алимент төлеуден қашатын әкелер де аз емес. Ата-ана жауапкершілігінің тең болуы қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асырылуы тиіс.



– Ажырасу кезінде бала құқығы қалай қорғалып жүр?

– Тәжірибедегі көп істерден байқайтынымыз, отбасындағы дауларда ата-ананың бала құқығын өрескел бұзатын, баланы өз пайдасына «қару» етіп алатын жағдайлар көп кездеседі. Бала тағдыры ойыншық емес, оның да өз құқығы барын, ол болашақтың тізгінін ұстар тұлға екенін ұмытпау үшін ата-аналармен жұмысты реттеу керек деп ойлаймын. Бала өмірге келген сәттен бастап, Ата Заңымызда көрсетілгендей, ең басты құндылық адам екенін есте ұстап, бала құқығының бұзылмауын, олардың да өзіндік мені, пікірі барын назарда ұстаған абзал. Осы ретте балалардың ата-ана тарапынан көрсетілетін қысымға шыдамай, үйден кетіп қалуының жиі ұшырасатыны құқық қорғау органдарының статистикасынан көрінеді.

Бала тағдырына немқұрайды қарауға, оның тұлға боп қалыптасу кезеңінде қорғансыздығы мен әлсіздігін пайдаланып, баланың қалауын, дауысын естігісі келмей, өз дегенін жүргізіп, психологиялық тұрғыда басып-жаншуға, ата-ананың, әсіресе ажырасқан аналардың өз эгосын қанағаттандыру мақсатында балаларды жеке меншігім деп қарап, туыстарымен, әкесімен араластырмай, құқығын шектеуге заңмен тыйым салыну керек. Осы бағыттағы заң нормаларын қайта қарап, бала құқығын өрескел бұзатын тұлғаларға жазаны күшейту қажет.

Бала – ертеңгі қазақ елінің болашағы. Ұрпағымыз еркін, азат ойлы, сауатты, сапалы болуы үшін жастайынан құқығының бұзылмауына, оның ішкі үнін естуге, пікірін тыңдай алуға, онымен санасуға атсалысуымыз керек.

Сұхбаттасқан
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ


АЛАЯҚТЫҚ ЖАСАҒАНЫ ҮШІН СОТТАЛДЫ

Алаяқ жәбірленушілерді шетелдегі қатынастары туралы жалған ақпаратқа сендіре отырып, автокөлік сатып алуға ниет білдірген азаматтарға алдын ала толық төлем жасаған жағдайда, оларға Оңтүстік Кореядан тиімді бағамен автокөлікке тапсырыс беруді ұсынған.

Алайда жәбірленушілерге берілген көліктер бұрын автокөлікті жалға беру компанияларына сотталғанға уақытша пайдалануға берілгені анықталды. Мәселен, алаяқ жәбірленушіден 4 көлікті жеткізу үшін 14,5 млн теңге алған, ал көліктерді ресми түрде тіркеу алдағы уақытқа болжанған. Бұл ретте сотталған қылмыстық әрекетін жасыру мақсатында көліктерді жалға алу ақысын енгізіп жүрген. Сотталғанның алаяқтық әрекетінен 70-тен астам тұлға зардап шекті, жалпы шығын 420 млн теңгені құрады.

Сотта прокурорлармен қылмыскердің өзіне жүктелген міндеттерді орындауға нақты мүмкіндігі болмағанын, қылмыстық ниетін орындау мақсатында автокөліктерді жалға беру шартын жасасып, ұрланған ақшалай қаражатты өзінің жеке мақсаттарына пайдаланғаны дәлелденді.

Сотталған өз кінәсін толық мойындады. Сот қылмыскерге 6 жыл 8 айға жеке бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Жәбірленушілердің азаматтық талаптары қанағаттандырылды. Елорда прокуратурасы белгілі бір қызметтерді көрсету құқығын растайтын құжаттары жоқ тұлғалармен мәмілелер жасаудан бас тартуға кеңес береді.



№137 (4881) 20/11/2025 Бейсенбі

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халықпыз. Қай қоғамда болмасын ұстаз мәртебесі әрдайым ерекше болған. Ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің сөзі тек сабақта ғана емес, өмірде де үлгі болуға тиіс. Сол себептен мұғалімнің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сөзі мен іс-әрекеті әрдайым жауапкершілікке толы. Ендеше бүгінгі мұғалім қандай болуы керек, олар өз атына лайық па деген сұрақтар төңірегінде жауап іздеп көрелік.



МҰҒАЛІМ АТЫНА ЛАЙЫҚ ПА?

БҰРЫН «МҰҒАЛІМ» ДЕГЕН СӨЗДІҢ ӨЗІ ЕРЕКШЕ БІР ҚҰРМЕТТІҢ, БИІК АБЫРОЙДЫҢ СИМВОЛЫ БОЛАТЫН. МҰҒАЛІМ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ МӘДЕНИЕТІМЕН, КИІМ КИІСІНЕН БАСТАП СӨЙЛЕУ ӘДЕБІНЕ ДЕЙІН ЖҰРТҚА ҮЛГІ-ТІН

Шапағат ӘБДІР

Жыл басында ҚР Оқу-ағарту министрлігі «2024-2025 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында педагогтар саны 412 мыңға жетті, бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 14 мыңға көбейгенін көрсетеді» деп мәлімдеген болатын. Министрліктің мәліметінше, педагогтарды жұмысқа қабылдау бойынша ең жоғары көрсеткіш Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласында тіркелген. Бүгінде еліміздегі мұғалімдердің 73%-ы жоғары біліктілік санатына ие. Сондай-ақ Президенттің бастамасымен биыл алғаш рет бірден екі мұғалімге «Еңбек Ері» атағы берілді. Тағы 36 мұғалім мемлекеттік наградалармен марапатталып, 64-і «Үздік педагог» деп танылды. Олардың барлығы мемлекеттен 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 3,5 миллион теңгеден астам сыйақы алған.

Астанада жаңа оқу жылында 29251 (мемлекеттік – 21033) педагог жұмыс істейді. Оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда (балабақшаларда) – 6179 қызметкер, оның 2922-сі мемлекеттік балабақшаларда еңбек етеді. Орта білім беру ұйымдарында (мектептерде) – 19678 қызметкер, соның ішінде 15417-сі мемлекеттік мектептерде жұмыс істейді. Арнайы білім беру ұйымдарында – 767 қызметкер. Қосымша білім беру ұйымдарында (үйірмелер, орталықтар және т. б.) – 949 қызметкер. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында (колледждерде) – 1678 қызметкер, оның 978-і мемлекеттік колледждерде еңбек етеді.

ҚАНШАСЫ БІЛІКТІЛІКТЕН ӨТУДЕ?

Елімізде «Педагог мәртебесі туралы» ҚР заңының 18-бабына сәйкес, педагог өзінің кәсіптік құзыретін қолдау және дамыту мақсатында білігін арттыру курстарынан өтеді. Педагог алған білімін практикада қолдануы үшін біліктілікті арттыру ұйымдары курстан кейінгі қолдауды уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тегін жүзеге асырады әрі 3 жылда бір реттен сиретпей білігін арттыруға құқылы. Сондықтан елордалық білім беру ұйымдарының педагогтары да белгіленген жоспарға сәйкес өз уақытында біліктілікті арттыру курсынан өтеді.

– Биыл біліктілікті арттыру курсынан 4199 педагог өтіп жатыр. «Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес, олар әр 5 жыл сайын біліктілік деңгейін айқындау мақсатында аттестаттаудан өтеді. Аттестаттау нәтижелері бойынша педагогтарға біліктілік санаты беріледі. Аттестаттау аясында педагогтардың білімін бағалау (тестілеу) жүргізіледі. Ағымдағы жылы 4177 педагог аттестаттау рәсімінен өтіп, тиісті біліктілік санаттарын алды. Бұл мәселе басқарманың тұрақты бақылауында, – дейді Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Бекарыс Мұсахан.

ҚАЗІРГІ ҰСТАЗ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Қоғамда мұғалімдердің жалақысы, олардың балаға тәрбие берудегі мінездемесі мен тұрмыстағы өздерінің этикасы турасында көптеген сын-пікір айтылады.

– Бұрын балалар «мұғалім келе жатыр» дегенде сәлем беріп, орнынан тік тұратын. Мұғалім сөзі тәртіп пен тектіліктің синонимі еді. Ол кісілердің өзі жүрген жерде әдеп пен үлгі, сабыр мен парасат тұратын. Оқушы тұрмақ, ересек адам да ұстаздан именетін. Ал қазір бұл қадірдің біртіндеп бәсеңдеп бара жатқаны қынжылтады. Әрине, жалақы өсті, жағдай жақсарды – ол қуанышты жағдай. Бірақ сонымен бірге ұстаздықтың ішкі мәдениеті мен жауапкершілік жүгі жеңілдеп бара жатқандай көрінеді. Кешкілік кафелер мен түнгі клубтарға барсаңыз, көңіл көтеріп отырғандардың арасында да мұғалімдер мен колледж студенттерін жиі кездестіресіз. Әрине, әркімнің жеке өмірі бар, демалуға да құқығы бар. Бірақ мәселе – қай жерде, қалай демалып жүргенінде. Кейде темекі тартып тұрған немесе орынсыз жағдайда отырған мұғалімдерді көргенде еріксіз ойланасың. Өйткені ұстаз жай ғана маман емес, ол – қоғамның үлгі тұтар тұлғасы. Мұғалімнің әр ісі, әр қадамы – оқушыға сабақ. Ал егер сол ұстаздың өзі мәдениетсіздікке жол берсе, оның шәкірті кімнен тәрбие алады? Ұстаз мектеп табалдырығынан шыққанда да мұғалім болып қала береді. Өйткені ол – ұлттың рухани сәулетшісі. Мұғалімнің абыройы оның сабағында ғана емес, мінез-құлқында, жүріс-тұрысында, сөзі мен киімінде көрінеді. Кеше ғана «мұғалім келе жатыр» деп тыныштап қалатын балалар енді сол ұстазын көшеде даурығып отырған жерінен көрсе қандай әсер алады? Әрине, мұғалім де адам, оның да көңіл күйі, өмірі, уайымы бар. Бірақ ұстаздық – тек жұмыс емес, өмірлік миссия. Ол кәсіби этиканы сақтағанда ғана қоғамның сенімін ақтай алады, – дейді астаналық тұрғын Гүлзина Әбдіүміт.

Шынында, бұрын «мұғалім» деген сөздің өзі ерекше бір құрметтің, биік абыройдың символы болатын. Мұғалім кірген жерде оқушы былай тұрсын, ауылдың үлкені де, кішісі де бір сәтте жинақы қалыпқа түсіп, әдептен озбайтын. Өйткені ол кезде ұстазды сыйлау тәрбие көрген адамның табиғи қасиетінің бірі еді. Соған орай мұғалімдерге қойылған талап та өте биік болды. Мұғалім өзін-өзі ұстау мәдениетімен, киім киісінен бастап сөйлеу әдебіне дейін жұртқа үлгі-тін. Ал қазіргілерді кім қадағалайды?

ӘДЕБІН БАҚЫЛАЙТЫН АДАМ БАР МА?

– Педагогикалық әдеп – білім беру ұйымдарының педагогтары басшылыққа алатын қағидаттар мен нормалардың жиынтығы. Педагогтардың педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган – білім беру ұйымдарындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес барлық білім беру ұйымында құрылады. Кеңестің негізгі міндеттері: педагогикалық әдептің бұзылуына мониторинг жүргізу, профилактика және алдын алу шараларын жүзеге асыру; білім беру ұйымы ұжымындағы адамгершілік-психологиялық ахуалды жақсартуға ықпал ету; педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеу; педагогтардың жауапкершілігі туралы мәселені жан-жақты, толық және объективті қарау үшін мән-жағдайды зеттеу; педагогикалық әдептің бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарастырып, олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сай Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті жанынан қалалық педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмыс істейді. 2024 және 2025 жылдары жеке басының тәртібін, қызметтік этиканы немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзғаны үшін жұмыстан босатылған педагогтар тіркелген жоқ, – дейді Б.Мұсахан.



> Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес барлық білім беру ұйымында құрылады. Кеңестің негізгі міндеттері: педагогикалық әдептің бұзылуына мониторинг жүргізу, профилактика және алдын алу шараларын жүзеге асыру; педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеу

ЖАС МҰҒАЛІМГЕ НЕ КЕРЕК?

Албина Жандарбекова – Астана қаласындағы №111 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Оның педагогикалық еңбек өтілі – 4 жыл. Осы жылдар ішінде ол ұстаздық мамандықтың жай ғана кәсіп емес, үлкен жауапкершілік пен жан қалауын қажет ететін өмірлік ұстаным екенін терең түсінген.

– Мұғалімнің кәсіби дамуы, ең алдымен, оның өзін-өзі біліммен толықтырып, ізденіс үстінде болуына байланысты. Алайда бұл үдерістің табысты болуы үшін ең бастысы жұмыс істейтін ортаның қолайлығы мен қолдауы қажет. Өкінішке қарай, кейде мұғалімдер қоғамнан, ата-анадан, әкімшіліктен немесе өз әріптестері тарапынан тиісті қолдау таба бермейді. Ал мұғалімге сенім артылған жерде ғана шабыт туады, ал шабыт болған жерде нәтиже де болады, – дейді жас маман.

Шынында, бүгінгі таңда ұстаздық жолды таңдаған жастар қатары аз емес. Алайда олардың қатары көп өтпей сиреп кетуінің де өзіндік себептері жоқ емес дейді жас ұстаз.

– Өкінішке қарай, өз жұмысын осы салада бастаған ұстаздар 4-5 жыл қызмет еткеннен кейін басқа салаға ауысып жатады. Мұның да өзіндік себебі бар. Кейде мұғалімге, өзінің негізгі қызметінен бөлек, түрлі іс-шараға, артық жұмысқа қатысуға тура келеді. Кейде мұғалімнен білім беруден гөрі ұйымдастыру, тіпті би билеу немесе концерт өткізу сияқты міндеттерді орындауды талап етеді. Бұл жағдай педагогтың кәсіби дамуына, өз ісіне адал болуына кедергі келтіреді. Мұндай жағдай бұрын менің де басымнан өткен. Ал қазір астанадағы білім ордасына ауысқалы ондай міндеттемеден арылғандай болдым. Мұнда бастысы жас маманға қолдау көп, – дейді ол.

Қазіргі балалар бұрынғы буыннан өзгеше. Ақпарат дәуірі өкілдерінің ойы еркін, сезімтал және батыл. Кішкентай ғана сөз, аз ғана назар аудармау олардың ішкі әлеміне қатты әсер етуі мүмкін. Сол себепті қазіргі мұғалім ең алдымен тыңдаушы, демеуші және бағыт беруші болуы тиіс.

– Балаға сену – ең үлкен күш. Егер сен оған сенсең, ол да өзіне сенуді үйренеді. Сенім мен сүйіспеншілік болған жерде ғана нағыз білім мен тәрбие қалыптасады, – дейді Албина Жандарбекова.

Иә, нағыз мұғалім атына сай болу өз ісіне сүйіспеншілікпен қарап, әр оқушының болашағына шын жанашырлық таныта білуде болса керек.

БҰРЫНҒЫЛАР НЕ АЙТАДЫ?

Бүгінгі ұстаз – тек пән үйретуші емес, баланың тұлға болып қалыптасуына бағыт-бағдар беруші тұлға. Сондықтан заман талабына сай түрлі цифрлық технологияны еркін меңгеріп, сабақты жаңаша форматта өткізіп, оқушының қызығушылығын арттыра білуі қажет екенін айтады педагогтар.

– Тәуелсіздік алғалы бері еліміздің білім саласында үлкен өзгерістер болып жатыр. Жаңа мектептер ашылып, заманауи технологиялар енгізілуде. Қазір сабақтарда түрлі цифрлық құралдар, инновациялық әдістер қолданылады. Бұл – жақсы үрдіс. Бірақ біздің кезіміздегі білім беру жүйесі бірізді, талап пен тәртіп қатал болатын. Оқулықтар арнайы сараптамадан өтіп, бекітілген бағдарлама негізінде ғана қолданылатын. Мұғалімнің басты мақсаты баланы адам етіп тәрбиелеу, содан кейін ғана білім беру еді. Қазір технология дамып, жаңа әдістер пайда болғанмен, дәстүрлі білімнің құндылығы жойылмауы тиіс. Себебі дәстүрлі оқыту дегеніміз – тәрбие мен адамгершілік негізі. Ұстаз жаңа технологияны меңгердік екен деп сол түп негізден, яғни ұлттық тәрбиеден, рухани бағыттан алыстап кетпеуі керек. Нағыз ұстаз қандай заман болмасын баланың бойына ізгілік пен еңбекқорлықты сіңіре білуі тиіс. Тәрбие мен тәртіп бар жерде ғана білім өз жемісін береді, – дейді зейнеткер-педагог Маржан Пірімбетова.

P.S: ***Мұғалімнің мәртебесі тек жалақы немесе әлеуметтік жағдайға байланысты емес, ол қоғамның сенімі мен шәкірт жүрегіндегі құрметтен туындайды. Сондықтан ұстаз әрқашан үлгі болып, өз іс-әрекетімен қоғамға бағыт көрсетіп, шәкірт тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы тиіс.***

№137 (4881) 20/11/2025 Бейсенбі



Түтеленген жер туралы қайда әңгіме, қайда көрсетілім, қайда дау – сонда Сапабек Әсіпұлы жүретінін қазақ атаулы бес саусағындай біледі. Өзге тілділер де ол кісі дегенде өзегін суырып беруге даяр. Себебі шындық ортақ екен. Шындық – әділеттің қорғаны екен. 93 жыл ғұмыр кешкен Сәкең болса, сондай парасатты шыңның басына аппақ шашын ақиқаттың туындай етіп, мығымдықпен қонған екен.

«ЖЕР!» ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕК







Біз білетін Сапабек Әсіпұлы – аса қарапайым, ақкөңіл, турашыл да талғампаз, білікті де білімді сирек жаратылыс иесі. Әкесі Әсіп ғасыр жасап, дүниеден озды. Өле-өлгенше таудағы саяжайды түрткілеп, күйбеңмен өтті. Нағыз саятшыл адам болыпты. Онысы баласына да жұққан. Сәкеңнің жазған аңшылық әңгімесі тамсандырады. Табиғатынан туған жерінің түтіні түзу ұшуы үшін бел жазбай еңбек еткен ол небір бастамаларымен ел аузында қалып қойды. Жанкелдин аупарткомының хатшысы болып жүргенде жартылай құмға батқан Торғай қаласын абаттандырам деп, ағаш егіп, жайқалған бау көзқұртына айналғанда, оған халық «Сапабек бағы» деген атау беріп тастаған. Сол аудандық газеттің редакторы ретінде небір жаңа идеялардың өркен жаюына үлес қосты. Өзін кешегі Ақаң, Жақаңша сезініп, тіршілік тылсымына еркін еніп кете беретін. Рухани әлділікті асыл дәнекер санайтын ол халық ақыны Н.Ахметбековтің шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғады. Елу жасқа бір сүйем қалғанда, облыстық газет редакторының орынбасарлығынан «қашып» Алматыға келіп, ғылыми атақ алды. Тұңғыш Қазақ Кеңес энциклопедиясы басшысының орынбасары болды. Торғайдың қиыр шетінде жүріп-ақ «Еменнің жасаруы», «Ауыл перзенттері» деген екі кітап шығарды. «Топжарған», «Ақын даусы», «Ә.Жанкелдин» кітаптары былайғыларына соны соқпақ салды. Аттарын атасақ-ақ өз ныспысын танытып беретіндей: «Қазақ қасіреті», «Қатерлі дерт, қалжыраған халық», «Танталовы муки» Степи», «Қауқарсыз қазақ мәселесі». Ал осылардың ішкі қыртысын түсінбейтін несі қалды? Жер, Қазақ, Тәуелсіздік! Осы асыл ұғымдардың тұтастығын бекемдемек болған Сәкең ғой біздің!

Бұқпантайлап, бұғып жүрген Сәкең жоқ. Ұлт мүддесіне қатысты, әсіресе жер мәселесі десе, жүрегінде қайралған қылышын қынабынан суырып алады. Небір айбарлы мінберлерден ойын ашық көсілтеді. Қаламсабын ешкім тартып алмайды, қатты қысып ұстаған. Жазып жатыр, жалтақтықтан ада, тура жазады. Өзінің мықты бір аттандағыш тетігі, құралы бар – «Жер және қазақ тағдыры» жазушылар комиссиясының төрағасы. Осы атаудың өзіне ырық бермей, сауысқанша сақтанып «... қазақ тағдырын» «... халық тағдыры» деп, жұмсартып ен тағып, Сәкеңнің адуын екпінін тежегісі келгендер ұшыраспай қалмады. Ондай қыстырылма қарсыластарын жолай қағып тастау Сәкеңе түк емес еді. «Жер туралы» Заң қабылданарда бір топ жазушылардың серкесі болып анығын, ашығын айтып, жазды. Парламенттен бастап, баратын жеріне барды. Бірақ жерді сатпау жөніндегі пікірлеріне түсініп, тұшынып қарағандар да болды, үркіп, үрейленгендер не сан. Қарызға шығарылған кітаптарын арқалап небір билік баспалдақтарымен қол таяғына сүйеніп көтерілгенде, қалжыңға басып: «мына кітаптарымды оқығандарыңа коньяк құямын» деп «ынталандырып» та көрген. Сатылмай қалса да көз жүгіртіп оқып, жер маңызын түсінсе деген іңкәрлік қой.

«Жер туралы» Заңға қарсылық білдірген бір мақаласына назар аударалықшы: «... екіншіден, «Жер учаскелерін мемлекеттік меншіктен жеке меншікке беру, ақы төлеу арқылы жүргізіледі» (8-бап, 1-тармақ) деген де дұрыс емес. Зардабы аса ауыр, зиянды қате. Бұлай болған жағдайда, ауылдар мен селоларды тұрғындар былай тұрсын, қаладағы қалталылар жапа-тармағай аттандап, ең шұрайлы учаскелерді пышақ үстінен бөлісіп алып кетеді. Қазақ резервацияларының тұрғындары бұрынғыша өздерінің маңдайына жазылған шөл және шөлейт аймақтарда о дүниедегі тамұқ азабын тірідей тартқан күйінде қала беретін болады. Жаңа заң жобасын жасаушылар мұны білмеді дейсіз бе?»

Жер туралы, оны қазақ игілігіне шындап айналдырудың амалдары туралы тұшымды еңбектерімен жүйелі көрініп жүрген қаламгерді жер киесі желеп-жебеп жүргендей әсер қалдырады. Осыдан он жыл бұрын баяғы «жер дауымен» Астанаға келіп, ұнжырғасы түсіңкіреп Алматыға аттанып бара жатқан Сәкеңнен «75 жасқа да келіп қалыпсыз, не дайындығыңыз бар?» деп сыр тартқанымда, ол кісі: «Жер сатылмаса – менің тойым әне, сол!» деген еді болдыруды білмейтін асау жүрегін асқақтатып тұрып. – Мен кіммін? Ұлт тағдырын ойламаса Абай кім болар еді?» Ал ойланбай көріңіз! Енді араға он жыл түскенде «қарашада мерейтойыңыз ғой...» деп, есіне салуға баратынымыз жетпеген. Ол жалпы той жөнінде айтса, тымырайып қалады, іле жер жөнінде емеурін білдірсең ғана жабылып кеткен қабағын жайлап аша бастайды. «Қаламгерлік мақсатым – қазақтың миына кірпішешен кіргізіп, көкірек көзін ашу» деген сөзді жазғанда Сәкең жүрегіне жұмыр жерді сыйдырып алып, соның бар тауқымет-мұңын шемішкеше шаққаннан соң иіні түсіп, ыза-кекпен жан сырын ақтарғандығы сезіліп тұр.

> Бұқпантайлап, бұғып жүрген Сәкең жоқ. Ұлт мүддесіне қатысты, әсіресе жер мәселесі десе, жүрегінде қайралған қылышын қынабынан суырып алады. Небір айбарлы мінберлерден ойын ашық көсілтеді

Жер жайы ғана ма, күйзеле жазып, түгесе айта алмай жүргені. Жерге қатыстының, пәнидегі барша тіршіліктің олқы тұстарын жіпке тізіп, ақ тайлағын бұйдалап бақыртқандай, жан дәрменмен ашынып баяндап жүр. Біреу естиді, біреу құлағынан асырады. Үнсіз қалуды күнә көреді. Тоқпақтай бергенді жөн санайды. Мінберлерден тау суындай тасқындаған сел-сөзін тыңдаған шығарсыз: «... Менің мақсатым, қазақтың отаршылдық жылдары кеткен есесін, яғни оның патша өкіметі озбырлықпен тартып алған ең құнарлы жерлерін өзіне қайтару!» Радиодан да сампылдап жатады: «...туберкулезбен ауыратындардың 90 пайызы – қазақтар. Себебі кейбір ауылдардағы қазақ отбасының тұрмысы нашар. Ыстыққа күйіп, суыққа тоңып жүреді. Кейбірінің тамағы мен киімінің өзі тапшы, мұң. Дәрігерлік көмектің саны мен сапасы да құлдырап кеткен». Теледидардан көрсеңіз, Сәкең қолын сермеп, бейне бір әр көкірекке пайдалы кеңесті жиып бергендей боп, өзіңді ұялта қызартып, төкпелейді: «...Кешегі кеңестік заманда аспаннан «ақша жауып» тұрғанның өзінде көздерін аша алмаған, бүгінде, нарықтың темірдей қатты тәртібіне шыдай алмай көше қашып тоз-тоз боп кеткен, төрт аяғына бірдей қан түсіп есеңгіреп қалған 72 аудан тағдырына әлі де алаңдаушылықпен қарамаса болмайды». БАҚ біткенде сыпыра шығып жататын мақалалары мен көсемсөздерінде тіл, дін, білім, саясат мәселелерін ежіктеп жазады. Мақтауға сарап, кемшілікті қақыратып жатады. «Олқылықты ғана омырады» деп кейбір шенеуніктер өкпе қылады. Қыла берсін дегендей, Сәкең өршелене түседі. Екінің бірі мадаққа үйір, көңілге қараса, көшелі елдің бұл нәубетімен кім бетпе-бет алыспақ. «Мен алысамын, ертеңім көркем болсын деп кім көрінгенмен жағаласып жүргенім сол!» дейтін Сәкеңнің бетін қайтару қиын. Баспалар қарызға шығарып беріп, сайдағы санын түгендей алмай, аузын құр шөппен сүртіп қала беретін Сәкеңнің қайбір кітабын ашып қалыңызшы: жерден бастап, егіншілік және малшылық, өндірген өнімдерді тұтынушыларға жеткізу азабы, еңбекке ақы төлемі, техникалық жарақтану жайы, кадрлар даярлаудың берекесіздігі, т.б. өзекті өртеген проблемалар андағайлап тұрады. Оқисыз. Сенесіз. Кінә кімнен дейсіз. Бар бәлені басқаға жапқыңыз келеді. Бірақ қарақшыдай болып желкеңізден төніп тұрған кітап сөзі «өзің де ойлан, сенің де дұрыс ісің қажет» дегендей, тұқыртып, жан теріңді сылып алады. Сөз құдіреті – осы-ау! Сәкең жүрегі мен қаламының ұшындағы тамшылап тұрған осы құдірет қасиетін орынды пайдаланады екен. Сәкеңнен қаймықтыратын да, Сәкеңді сыйлататын да осы құдіреттер екеніне шүбәсіз сенесіз. Қаһарынан именетін батыр емес қой, түсіне кірмеген жайт, тек қазағын сөз қадірін білуге иіктіріп, ойлантса да жетеді оған.

Тұлғалар пікір айтқанда, әркімнің ісі мен азаматтығын өлшеп-пішіп, әнтек баспауға тырысқан ғой. Соның мысалын бір ғасыр бұрын дүние есігін ашқан Сәкең туралы ойларға қатысты да бағамдауға болады. Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов былай түйіндейді: «Қазақстан жазушылар одағының 1995 жылы құрылған «Жер және қазақ тағдыры» комиссиясы, оның төрағасы, Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңген зейнеткер Сапабек Әсіпұлы шөлейтті, шөлді аймақтар тұрғындарын «Тантал азабынан» (Тантал – ежелгі грек мифологиясының кейіпкері. Адамға жақсылық жасағаны үшін Танталды грек Құдайы Зевс аштан бұрлығып, шөлден сусап азаппен өлуге бұйырған. «Тантал азабы» деген ұғым содан қалған) құтқарудың тағы бір шарты – мүгедектер жағдайына ерекше назар аударып, зейнетақыларын бір жарым-екі есе өсіру қажет деп санап, ол жөнінде арнайы мәселе көтеріп, дабыл қағып жүр». Ал жорналшы Адольф Арцишевскийдің таңқалысы алабөтен: «Его последнюю, пока третью книгу «Танталовы муки» Степи» из трилогии «Трагедия казахов» держишь в руках как взрывное устройство. Да и сам он словно бы начинен динамитом».

Бұл күндері туғанына 100 жыл болған Сәкең – қазақтың бірқатар біртуар зиялылары туралы портреттік көсемсөздер, эсселер жазған айтулы қаламгер. Балалық шағының көркем суретін салған талантты жазушы. Өзіндік қолтаңбасы айқындалған ғалым. Кіндік қаны тамған жері Қостанай облысының Аманкелді ауданы өңірінің табиғаты мен тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, мәдениетін қалам құрғатпай жырлап келе жатқан қарасөздің майталманы. Жер туралы айтса күллі қазағының жайын ойлап, қабырғасы қайысатынын осы мақаланың өзегіне алып отырмыз ғой.

Жазу өз алдына, ел тағдырына, айтулы тұлғалардың рухани биігін аласартпауға қатысты ой-пікірлерін әр деңгейдегі әкімдерге жолдап, мазасын алып отырады. Мысалы, халық ақындары О.Шипин мен Н.Ахметбеков, дарынды мүсінші Ә.Ұзақов шығармашылығы тұрғысында облыс әкіміне нақты ұсыныстар айтып, ойын білдірген. Сөйтіп, жүзеге асқан іс-шараларға мұрындық бола білген еді. Мұндай ықпалды істерге араласуын әлі күнге жиілетіп келеді.

Бірде Арқалықтан Алматыдағы Сәкеңе қоңырау шалып, есен-саулығын білген едім. Сөзіміздің арғы жағы қадау-қадау мәселелерге ойысып кетпесін бе? Әліби Жанкелдин туралы кітап жазған Сәкең әңгіменің бір тұсында өзін тежей алмай қызымырланып сөйлеп кетсін.

– Жалпы, өткенге бірыңғай топырақ шашуға қарсымын, – деп алып, ғалымдық дәлдікпен сыналап саптады сөздерін. – Жанкелдиннің аруағына тиісе бермеген жөн. Алашқа не істеді ол? Оның үш еңбегінің өзі неге тұрады? Біріншіден, Алашорданың Торғайға кіруіне Тәшкенде жатқан Әліби Жанкелдиннің өзі көмектескен. Екіншіден, Міржақыптан басқа алаштың 19 өкілі қолға түскенде соларды қорғап, босатып жіберген де Әліби еді. Үшіншіден, алғаш ұлттық ымыраны жасаған кім – Жанкелдин. Түн жамылып отырып айтайын, Жанкелдиннің мойнында бір кісінің де қаны жоқ.

Сәкең қыза-қыза қалааралық телефон байланысының өзін ұзын-сонар пікір таласына айналдырып бара жатты. Көсіле шешіліп, тереңнен тартып, дәл бір өзінің қасында отырғандай етіп мені нұқып сөйлегендей болып, бастырмалатсын. Сөзіміздің арасында Жанкелдин ауданының атын бұрынғы Торғай қаласы мәртебесіне өзгерту туралы даң-дұң әңгіме бары айтылып қалды білем, Сәкең жұлып алғандай қылып: «Қайтесіңдер, өнбейтін әңгіме қуып, Жанкелдиннің атын өзгерткенмен Торғайда қой көбеймейді» деді жұмсақ дауысы қатқылдана түсіп.

Бүгінгі қазақ зиялыларының селдіреп, сирексіген сапында бірнеше буын жорнашылардың ұстазы, ақылшысы біздің Сапабек ағамыздың жүргенін мақтан тұтамыз. Және қандай көрінеді көп ішінен. Еңсегей бойымен, мейірімді жүзімен, тұңғиық ойлы көзімен, тіліп түсер сөзімен... сахараның сәні ақ бөкендей бүйірленіп алып жөнеледі. «Жер, жер!» деп шыға келгенде, төбе шаш тік тұрып, жон арқа мұздап кетеді. Еске Ғабит Мүсіреповтің: «Қай жерде болсын халықтың мұң-мұқтажына құлақ аспаған адам – азамат емес: ол – халқының бірінші жауы» деп қатты да қақыратып айтқан сөзі түседі. Сәкеңнің азаматтығына тәнтіміз.

Сонда да өз білігімізше, Сапабек Әсіпұлын өзгелерден даралай түсетін бірер тоқтам жасамақпыз. Ол – ұлтжандыдан гөрі әсіре ұлтшыл адам. Демек жержандыдан гөрі әсіре жершіл тұлға! Жершілдігі құшиған тар, өзінен әрі аспайтын топшыл мүдде күйттеушісі емес, жер-жаһанның тамыршысы, жоқшысы, дәйім үмітпен тепкіленіп соғатын таза жүрегіне сыйып кетіп тұрған тұлға еді...

Қайсар ӘЛІМ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері


ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОРНЫ ҚАНДАЙ?

Біз күн сайын кемінде 5-6 сағатымызды әлеуметтік желіде, ұялы телефонда өткіземіз. Ал сол өткізген әр уақытымызда жасанды интеллекттің ықпалы тұр. Күнделікті қолданып жүрген әр құралымыз онымен тығыз байланысты. Демек, жасанды интеллекттің қоғамдағы рөлі көп жақтан байқалады.

Мәселен, қазіргі таңда қарқынды дамып жатқан TikTok әлеуметтік желісі – нағыз жасанды интеллект, ондағы қысқа минуттық, секундтық бейнероликтер дәл осы жасанды интеллекттің көмегімен жасалған. Бұл арқылы біз күнделікті көріп, қарап жүрген заттарымыздың көбі жасанды интеллект екенін біле аламыз. ЖИ көмегімен дәрігерлер аурудың алдын алып, тез арада сараптама жасай алады. Бұл медицина саласында дамуымыз бен өсуімізге көп септігін тигізеді. Білім беру саласында ЖИ ойып алардай із қалдырды. Оқушы мен мұғалім арасында білім сапасының артуына септігін тигізеді. Мұғалімдерге оқушылардың оқу үлгерімін анықтауға көмегі бар. Осы тұста ChatGPT деген ЖИ-дің чат-бот программасын айтпай кету мүмкін емес. Ол қазіргі қоғамда кеңінен танымал. Оған небір-небір сұрақтар қою арқылы қосымша ақпарат алып, оны дұрыс пайдаланып, ой-өрісімізді кеңейтуге болады. Алайда жасанды интеллект медицина, білім саласымен ғана шектеліп қалмайды, әлеуметтік салада да көрініс табады. Атап айтсақ, жарнамалар, бейнероликтер, әлеуметтік желідегі түрлі контенттің барлығы осы ЖИ көмегімен жасалады. Бірақ оның кері әсері де бар болатынын ескергеніміз жөн. Ол да бір программа болғандықтан, туғызар қауіп-қатерін, қателігін білгеніміз жөн. ЖИ-ді дұрыс пайдаланбасақ, жеке өмірге қауіп төндіреді, цифрлық мәселелер, ақпараттың жалған болуы секілді мәселелер туындайды. Яғни жасанды интеллекттің шексіз мүмкіндігіне жауапкершілікпен қарап, оны жан-жақты зерттеп, тек жақсы жағынан ғана пайдалана білген жөн. Ал дамыта алсақ, болашаққа жаңа көзқараспен қарап, елімізді өркендете аламыз.

Іңкәр РАХМАНҚҰЛ,
Мағжан Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназияның 11-сынып оқушысы

№137 (4881) 20/11/2025 Бейсенбі



ТЫНЫҚ МҰХИТТАН ДА ТЫНЫШТЫҚ КЕТТІ

Соңғы кездері Тынық мұхиты төңірегіндегі саяси текетірестер өңірдегі ахуалдың күрделі кезеңге аяқ басқанын көрсетті. Әсіресе Қытай мен Жапония арасындағы қатынастың күрт нашарлап, дипломатиялық дау-дамайдың күшеюі аймақтың тұрақтылығына үлкен қатер төндірді.

Қытай – Жапония елдерінің қатынасы бұрыннан күрделі, яғни 2 дүниежүзілік соғыс салған жара мен төрт арал үшін туған таластың күні бүгінге дейін шешілмеуіне байланысты екі елдің ара-қатынасы тым жақсара қойған жоқ. Бірақ соған қарамастан 1972 жылдан 2010 жылдарға дейін екі ел арасындағы экономикалық байланыс қарқынды дамып, Жапония Қытайдың ең ірі инвесторларының біріне айналды да, экономикалық тәуелділік пен сауда-саттық байланысы екі елді де арадағы барыс-келісті үзбеуге мәжбүр етіп келді. Өйткені Жапония Қытай үшін үшінші ірі сауда серіктесі, үшінші ірі экспорттық нарық және үшінші ірі импорт көзі болса, Қытай Жапония үшін ең ірі сауда серіктесі, екінші ірі экспорттық нарық және ең ірі импорт көзі болып табылады. 2024 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 308,3 миллиард АҚШ долларын құрады: оның ішінде Қытайдан экспорт 152,0 миллиард доллар, ал импорт 156,3 миллиард долларға жетті.

Дейтұрғанмен, Тайвань мәселесі, Шығыс Қытай теңізіндегі Даоюйдау/Сенкаку аралдары дауына байланысты екі ел арасындағы саяси сенім барған сайын әлсірей бастады десек, оған соңғы күндердегі дау-дамай айғақ.

ДАУҒА ҰЛАСҚАН МӘЛІМДЕМЕ

Жапония тарихында тұңғыш рет сайланған әйел премьер-министр Санаэ Такаити жақында батыл мәлімдеме жасап, Қытай Тайваньға күш қолданылса, Жапония мұны «тіршілік қауіпсіздігіне төнген тікелей қатер» деп бағалайтынын ашық айтты. Оның бұл мәлімдемесі егер алда-жалда Қытай Тайваньға басып кірсе, Токио да заң жүзінде қақтығысқа араласуға дайын екенін аңғартты. Такаити осыдан бұрын қазір күшінде тұрған үш анти-ядролық принциптерді (ядролық қаруға ие болмау, оны жасап шығармау және Жапония аумағына ешбір елдің ядролық қаруын орналастырмау) қайта талқылауды ұсынған болатын. Оның айтуынша, бүгінгі жаһандық ахуал 1945 жылдағы әлеммен мүлде салыстыруға келмейді. Қарулы қақтығыстардың жиілеп, ядролық державалардың бәсекесі күшейген тұста Жапония бұрынғыдай тек АҚШ-тың ядролық қолшатырына арқа сүйеп отыра алмайды. «Вашингтонның өзі қазір әлемнің әр нүктесінде саяси тартысқа түсіп жатқан шақта Жапонияны толық қорғауға кепілдік бермейді. Ал Жапонияның қауіпсіздігі дәл осы тежеуші күшке, яғни, ядролық қаруға тәуелді» деді ол.

Жапония соңғы 60 жыл бойы «үш анти-ядролық ұстанымын» бұлжытпай сақтап келді. Алайда Такаити осы алпыс жылдық догмадан бас тарту қажеттігін ашық көтерді. Өйткені қазір Тынық мұхитындағы күш тепе-теңдігі түбегейлі өзгерді: Қытайдың әскери қуаты бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті, Солтүстік Корея зымыран сынақтарын тоқтатар емес, ал Ресей Қиыр Шығыста Бейжіңмен барған сайын жақындап келеді. Осындай жағдайда Жапонияның өз аумағына одақтастарының ядролық қаруын кіргізуге тыйым салуы – стратегиялық тұрғыдан өз елінің қауіпсіздігіне үлкен шектеу болып тұр. Сөйтіп, Токиодағы қауіпсіздік орталықтары осы тыйымды алып тастау жөніндегі бастаманы бұрынғыдан да батылырақ айта бастады.

ҚЫТАЙ ДА ҚЫРЫНА АЛДЫ

Такаитидің мәлімдемесінен кейін Қытай «қатаң наразылық білдіріп», өз азаматтарына Жапонияға бармауға үндеп, Жапонияда жүрген студенттерін сақтыққа шақырды. Дүйсенбі күні «Киодо цусин» агенттігі Қытайдың бірнеше ірі туристік компаниясы Жапония турларын сатуды уақытша тоқтатқанын хабарлады. Сол күні Жапонияның Nikkei индексі аздап төмендеп, туристік және бизнеске қатысты секторларда құлдырау айқын байқалды.

Бейжің мұнымен ғана шектелген жоқ. Бір күннен кейін Қытайдың 4 қарулы кемесі Сенкаку (Қытайша Даоюйдау) маңындағы су айдынына кіріп, өз аумақтық құқығын «күзетуге» кіріскенін жариялады. Іле-шала Қытай жағалау күзетінің қаруланған кемелері Жапония бақылайтын суға кіріп кеткені айтылды. Сонымен қатар, Қытай Жапонияға жақын орналасқан Сары теңіздің орталық бөлігінде 17-19 қараша аралығында оқ-дәрі қолданылатын жаттығулар өтетінін жариялады. Осы жағдайларға байланысты Жапония мен Қытай екі тараптың елшілерін шақыртып, өз наразылықтарын білдіріп үлгерді. Соған қарамастан, Қытай соңғы күндері жауап ретінде экономикалық, дипломатиялық, тіпті әскери қысымды да күшейтіп жатыр. Токионың дүйсенбі күні Пекинге жоғары лауазымды дипломатын жібергеніне қарағанда, қытайдың қысымы Жапонияға да оңай соқпаған секілді. Жапонияның ұлттық хабар тарату корпорациясы (NHK) таратқан соңғы ақпаратқа қарағанда, Жапония Сыртқы істер министрлігінің Азия және Мұхит мәселелері жөніндегі департаментінің басшысы Масааки Канаи Бейжіңге барып, Қытай СІМ Азия істері департаментінің басшысы Лю Цзиньсюнмен кездескен. Канаи бұл жедел сапарында Қытайға Такаитидің мәлімдемесі Жапонияның қауіпсіздік саясатында өзгеріс бар дегенді білдірмейтінін түсіндіріп, Қытайдан екі ел арасындағы келіспеушіліктердің халықтық байланыстарға зиян келтірмеуіне жағдай жасауды өтінбек көрінеді. Қытай Сыртқы істер министрлігінің өкілі Мао Нин сейсенбі күнгі дәстүрлі баспасөз жиынында Қытайдың Жапониядан «қате айтылған мәлімдемелерін» қайтарып алуды талап еткенін мәлімдеді. Алайда Жапония Кабинетінің бас хатшысы Минору Кихара Токионың мұндай қадамға бармайтынын аңғартты.

ТАЙВАНЬНЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНШАЛЫҚ?

Қытай демократиялық және өзін-өзі басқаратын Тайваньды «қайта біріктіруді» қажет ететін провинция ретінде қарайды және қажет болса күш қолданатынын бірнеше рет мәлімдеген. Ал Токио өзінің ұстанымы бұрынғы үкіметтердікімен бірдей екенін айтады: Жапония Тайваньды жеке мемлекет ретінде ресми танымайды және онымен ресми дипломатиялық қатынас орнатпаған. Дегенмен АҚШ сияқты бейресми деңгейде тығыз қарым-қатынасты сақтап келеді және Қытай – Тайвань дауын бейбіт жолмен шешуді қолдайды.

Шын мәнінде, Тайвань Жапония үшін тек саяси немесе идеологиялық мәселе ғана емес, стратегиялық тұрғыдан шешуші маңызға ие. Тайвань арқылы өтетін теңіз жолдары мен сауда дәліздері Жапонияның экономикасы мен энергия қауіпсіздігі үшін өте маңызды. Қытайдың Тайваньға күш қолдану ықтималдығы Токиодағы әскери және қорғаныс саясатын қайта қарауға итермелейді. Сонымен қатар, АҚШ сияқты одақтастармен бірлескен қауіпсіздік стратегиясын күшейтуге және аймақтағы дипломатиялық ықпалын арттыруға себеп болады.

Экономикалық тұрғыдан да жағдай күрделі: Тайвань әлемдік чип өндірісінің ірі орталығы болып табылады. Егер Қытай күшпен басып кірсе, жаһандық электрондық тауарлар мен технологиялық өндіріс тізбегі бұзылады, бұл тек Азияны емес, бүкіл әлем нарығына әсер етуі мүмкін. Жапонияның басты қауіптеніп отырғаны да осы.

Бетті дайындаған **Қалиақбар УСЕМХАНҰЛЫ**

ВЕНЕСУЭЛАДАҒЫ ДАҒДАРЫС

АҚШ-тың Венесуэлаға қысымы күшейді, Ресей мен Қытай салған қаржы қайтарымсыз қалу қаупінде тұр.

АҚШ Венесуэла президенті Николас Мадуроны лаңкес деп жариялауы мүмкін. Құрама Штаттардың мемлекеттік департаменті «Картель де лос Солес» мүшелерін лаңкестік ұйымдар тізіміне қоспақ. Вашингтонның хабарлауына қарағанда оны Венесуэла басшысы басқарады. Алайда Николас Мадуро таққан айыптауларды жоққа шығарды. Бұған дейін Вашингтон «Картель де лос Солес» мүшелеріне санкция салған еді. «Егер оны лаңкесттік ұйым деп таныса, Венесуэлаға сырттан әскер кіргізе алады» дейді сарапшылар.

АҚШ аймақтағы есірткі саудасын тыямыз деп отыр. Сондықтан бірер ай бұрын Кариб теңізінде есірткі саудагерлеріне қарсы ірі әскери операция бастады. Сол операция басталғалы 80-нен аса адамның өмірі қиылды Президент Мадуро: «АҚШ-тың есірткімен күресі тек сылтау ғана. «Құрама Штаттар Венесуэла мұнайына көз тікті» деп санайды.

Венесуэла әлемдегі ең ірі мұнай қоры бар мемлекет, шамамен 303 млрд баррель дәлелденген мұнай қоры бар, бұл көрсеткіш Сауд Арабиясы мен Иранннан да жоғары. Дегенмен осы байлықты ел толық пайдалана алмай отыр: мұнай саласының инфрақұрылымы тозған, өндіріс көлемі санкциялар мен техникалық тапшылықтан құлдыраған.

Қытай Венесуэланың ең ірі кредиторы, соңғы онжылдықта елге шамамен 50 млрд доллардан астам қарыз берген. Бұл қаржының басым бөлігі «мұнаймен өтеу» схемасы бойынша қайтатын еді, алайда қазіргі өндірістің құлдырауы бұл келісімдердің толық орындалуына кедергі келтіріп отыр. Ресей де – Венесуэланың басты серіктестерінің бірі. «Роснефть» PDVSA-мен бірлескен жобаларға қатысып, энергетика саласына миллиардтаған доллар құйды. Мәскеу Мадуро билігінің тұрақтылығын геосаяси тұрғыдан маңызды деп санайды.

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ГАЗАНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛМЕЙ ТҰР

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі Газа секторына қатысты АҚШ ұсынған бейбіт жоспар жөніндегі қарарды мақұлдады. АҚШ президенті Дональд Трамптың 20 тармақтан тұратын бейбіт жоспарының екінші кезеңінде Газаны демилитаризациялау үшін Халықаралық тұрақтандыру күштерін құру және аумақты басқарудың өтпелі құрылымдарын қалыптастыру қарастырылған.



Қауіпсіздік кеңесіне мүше 15 мемлекеттен 13-і қарарды қолдап дауыс берді. Өздерінің вето құқығын пайдаланбаған Ресей мен Қытай дауыс беру кезінде қалыс қалды. ХАМАС БҰҰ ұсынған Газа секторындағы жағдайды реттеуге байланысты қарарын қабылдамады. Құжат қозғалыс мүшелерінің сынына ұшырады, себебі онда анклав аумағын халықаралық күштердің бақылауына беру қарастырылған. Олардың айтуынша, бұл резолюция палестиналықтардың құқықтары мен талаптарына сәйкес келмейді.

КЕЛІССӨЗ ҚАЙТА ЖАЛҒАСА МА?

Украина АҚШ жеткізген ATACMS баллистикалық зымырандарымен Ресей аумағындағы әскери нысандарды атқылап, мұны «айтарлықтай ілгерілеу» деп бағалады.



Сонымен бірге Украина Қарулы күштері Ресей оккупациялаған Донецк өңіріндегі Старобешевская және Зуевская жылу электр стансаларына дрондармен соққы жасап, аймақта электр желісінің 65%-ын істен шығарды.

Осы тұста президент Зеленский Украина – Ресей соғысындағы дипломатиялық процесті «қайта жандандыруға» күш салатынын айтты. Ол сәрсенбі күні Түркияға барып, екі жылға созылған соғысты аяқтауға қатысты келіссөздерді қайта бастау мүмкіндігін талқылауды жоспарлап отыр. Киев пен Мәскеу биыл шілдеде Ыстамбұлдағы кездесуден кейін бетпе-бет келіссөз өткізген жоқ.

Зеленский Еуропалық одақ елдерінен қолдау іздеу сапарында да белсенді. Дүйсенбі күні ол Франция президенті Эммануэль Макронмен келісіп, Украинаға 100-ге дейін жойғыш ұшақ пен өзге де әскери техника беру жөніндегі келісімге қол қойды. АҚШ әкімшілігі Киевке «Пэтриот» әуе қорғаныс жүйесін жаңғырту үшін 105 млн долларлық қару-жарақ сатуды мақұлдады. Испания да Украинаға 615 млн еуро көлемінде жаңа әскери көмекті жариялады.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Қазақ тіл білімі деп аталатын іргелі ғылымның ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан көрнекті тілші-ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Уәлиев.



Ғалым шығармашылығының шеңбері кең, әрі әр алуан екенін ғылыми жұртшылық жақсы біледі. Атап айтсақ, академик Ісмет Кеңесбаевтың аспиранты ретінде тіл білімінің күрделі салаларының бірі – фразеологиядан басталған зерттеушілік ізденістері тіл мәдениеті, лексикология, лексикография, орфография т.б. салаларға ұласқанын жарияланған монографиялық еңбектері мен зерттеу мақалаларынан аңғару қиынға соқпайды.

«Сүйікті іс – сүйікімді келеді» дегендей, бұл мақаламызда профессордың өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап күшін сарп етіп зерттеген сала - сөз мәдениетіне ерекше тоқталғанды жөн көрдік. Оның өзіндік себебі де жоқ емес.

Жалпы, тіл білімінде «тіл мәдениеті» мен «сөз мәдениеті» терминдері жарысып, бірінің орнына бірі қолдана беретіні белгілі еді.

«Тіл мәдениеті» мен «сөз мәдениеті» ұғымдарының мазмұнында, қарастыратын мәселелерінде ұқсастықпен қатар, айырмашылықтар бар екенін қарастырған әлемдік тілі біліміндегі тұжырымдарды алға тарта отырып, жаңаша зерделеуді қолға алған профессор Нұргелді Уәлиев болатын.

Ғалым тіл және сөз мәдениетін айырмашылығын, оның коммуникативтік, прагматикалық, лингвокогнитивтік, лингвоэкологиялық, этикалық аспектілерін, сонымен қатар ғылыми-теориялық негіздерін ұсынған еді.

Академик Рабиға Сыздық ғалымның «Сөз мәдениеті» кітабына жазған Алғы сөзінде «…ал біз оның дәл осы кітаптағы қолданысы жайына келсек, «сөз мәдениеті» дегенді «сөйлеу», яғни «тілді жұмсау» (пайдалану) тәртібі (дұрыстығы, мәдениеті) деп танимыз. Демек, бұл жердегі «сөз» – орысша «речь» дегеннің баламасы. Ал соңғы термин «тілдің қолданыстағы көрінісі» дегенді білдіретіні мәлім. Әдетте, біздің бұл ғылымның саласын атауда «тіл мәдениеті» деген тіркес жиі қолданылып жүр. Бірақ мазмұнға сай дәлірегі, дұрысы – «сөз мәдениеті» атап көрсетіп, сөз мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Осылардың бәрін қосып, сөз мәдениеті деген ғылым-таным саласын «ортология» деп атаушылық бар, яғни ортология – сөздің дұрыстығы туралы ілім» дегені ғалымның көзқарасының дұрыс екендігін көрсетеді.

Сөз мәдениетін одан әрі індете зерттеу нәтижесінде профессор монографиялық еңбек жариялайды. Бұл ауқымды еңбекте қазақ сөз мәдениеті тілдік аспектімен қатар, коммуникативтік-прагматикалық , когнитивтік және лингвомәдениеттік, этикалық және лингво-экологиялық тұрғыдан қарастырылып, қазақ сөзінің коммуникативтік сапаларын объективті түрде анықтаудың және тілдік нормаларды кодификациялаудың теориялық негіздерін құрайтын концепциялық тұжырымдар ұсынылған. Тілдік тұлға сөз мәдениетінің іргелі түпқазық ұғымы ретінде қарастырылып, оның сөзі вербалды және когнитивтік әрекеттердің нәтижесі, тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің когнитивтік құрылымы ретінде зерттелгенін, әрі құнды еңбек сала мамандарының ғана емес, бұқаралық-ақпарат құралдары өкілдерінің де кәдесіне жарайтынын екпін түсіре айтсақ, артық болмасы анық.

Сөз мәдениетін орта білім беретін ұйымдарда қалыптастыру мақсатында оқулықтардың алар орны ерекше екені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, профессордың жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған «Сөз мәдениеті» оқулығының арқалаған жүгін айтпай кетпеске болмас.

Сөз мәдениетінің өнегелі өрнегін көрсету – әдеби тіл нормасына сай, әрбір сөзді дұрыс қолдануға оқушылар мектеп партасынан бастап машықтанғаны дұрыс болар еді. Оқулықта оқушылар сөз байлығы, сөз бедері, т.б. сөз мәдениетіне қойылатын негізгі талаптармен танысу мүмкіндігі қарастырылып, қазақ тілінің әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы қызмет ету ерекшелігі сөз мәдениеті тұрғысынан талданып берілгенін аңғаруға болады.

Жалпы, ғалымның жазған еңбектері санымен емес, сапалығымен өлшенетіні белгілі. Сапа өлшемшарты ретінде ғалымның зерттеу жұмыстарының елге тигізер нақты нәтижесі не екен деп сұрастырылып жататыны бар. Осы жағынан келгенде, профессор Нұргелді Уәлиевтің монографиялық еңбектерінің, ғылыми зерттеулерінің, оқулықтары мен сөздіктерінің құндылығы әр адамның кәдесіне жарап, сөз мәдениетін қалыптастыруға қызмет етуінде десек, артық айтпаған болар едік.

Сондықтан да, ғылыми жұртшылық профессор Нұргелді Мақажанұлын сөз мәдениетінің майталманы деп орынды мақтан етеді.

Профессор зерделі зерттеуші болумен қатар, ғылымды ұтымды ұйымдастырушылардың бірі болғанын да айтқанымыз абзал. Өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдары Тіл білімі институтын академик Әбдуали Қайдаров басқарып, академик Шора Сарыбаев директордың орынбасары болып, Қайдаров-Сарыбаев тандемі істің көзін тауып, институт іргелі зерттеулерді игеріп, институт ғалымдары биік жетістіктерге қол жеткізгені ел есінде. Осындай толағай табысқа Көбей Хусайынов пен Нұргелді Уәлиев тандемі тұсында да қол жеткізілгенін, ғалымдардың ғылыми жобалары жүлде алып, монографиялық еңбектері марапаттарға малынып, көп томдық сөздіктері институтты бедел биігіне көтергенін ғылыми жұртшылық әлі де айтудан жалыққан емес.

Бүгінгі күнгі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жас басшыларына, шәкірттеріне, талантты жастарға ақыл-кеңесін беріп, институттың абызы атанып отырған Нұргелді Мақажанұлын 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик

Еліміздің еңбек нарығында адал қызмет етіп жүрген азаматтар баршылық. Еңбегі еленуге тұрарлық сондай жанның бірі – Болат Әкімов. Талай жыл сантехник және электр дәнекерлеуші мамандығының қыр-сырын игеріп, кәсібінің хас шебері атанған ол бүгінде асқаралы 63 жасқа толып отыр.

АДАЛ ЕҢБЕК ИЕСІ

Болат Мағазұлының Арқаға қоныс аударғанына он жылдай болды. Осы уақыт аралығында жауапты істің ауыртпалығына қарамастан, әр жұмысын сапалы атқаруымен ерекшеленді. Инженерлік жүйелерді реттеу, күрделі ақауларды жөндеу, нысандарға үздіксіз қызмет көрсету Болат ағаға күнделікті атқаратын іс ретінде қалыптасқан.

Кез келген істі ақылмен саралап, тиянақтылықпен орындау – оның басты қағидаты. Қолынан өткен әр жұмыс – сапаның, тәжірибенің, адалдықтың белгісі. Ерінбей еңбек етудің нәтижесінде ұжымының ортасында беделі биік, адамдық қасиетімен де құрметке бөленіп жүр.

Балалары үшін тек әке емес, еңбекқорлық пен адамгершіліктің өлшемі. Оның өмір жолы қай жұмысты меңгерсе де, жүрекпен істеген адам ғана құрметке бөленетініне дәлел.

«Өмірдің бар бақыты – еңбек ету, елге пайдалы болу. Үш баланың әкесі ретінде олардың тәрбиесіне, білім алуына, жақсы азамат болып өсуіне бар жағдайды жасап келдім. Отбасымдағы сыйластық пен береке – өмірлік құндылықтарымның бірі» дейді ол.

Жаңа жастың биігіне қадам басқан еңбекқор жанды өз ұжымы құрметті еңбек демалысына шығуымен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы қуанышы мен еңбегіне жаңа табыс тілейді.

Құрметпен, әріптестері



ЖЕДЕЛ ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Медицинадағы заманауи жетістіктер АИТВ мәртебесін экспресс-тесттер арқылы тез және дәл анықтауға мүмкіндік береді. Жедел диагностикалық тесттер (ЖДТ) – арзан және уақытты үнемдейді, алдын ала тез диагноз қоюға және нәтижені түсіндіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ дәлдігі 99%-ға жететін жоғары сезімтал диагностикалық жүйелер. Дегенмен жедел тесттің оң нәтижесі АИТВ-инфекциясының нақты диагнозын білдірмейтінін ескеру маңызды.

Вирусты жұқтыру қаупін, мысалы, стоматологиялық тексеру, педикюр, татуировка салондары, қан құю немесе жұқтырған серіктеспен қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы (серіктес тіпті білмеуі мүмкін) жою мүмкін емес. Жұқтырудың ең жоғары қаупі инелерді ортақ пайдалану кезінде сақталады. Жалпы алғанда, адамның иммун тапшылығы вирусы барлық жастағы және жыныстық бағдардағы адамдар арасында кең таралған, дегенмен АИТВ-ның ең жоғары таралуы 35-44 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер арасында байқалады. Сондықтан бірнеше серіктеспен қорғалмаған жыныстық қатынасқа түсетіндер үшін әдеттегі скринингтің бөлігі ретінде жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға тестілеуді ұсынамыз.

Маңызды мәселе: адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ) жыныстық қатынастан кейін бірден анықтау мүмкін емес, вирусқа қарсы антиденелердің жеткілікті мөлшерде пайда болуы үшін уақыт қажет. Әдетте, бұл АИТВ тасымалдаушысымен жыныстық қатынастан кейін 3, 6 немесе 12 айға созылады.

АИТВ-ға жедел тестілеу принципі классикалық антиген-антидене өзара әрекеттесуіне негізделген. Вирустың антигендері тест жолағына бекітілген (ол бақылау жолағын да қамтиды), ал егер қан үлгісінде АИТВ-ға қарсы антиденелер болса, тест жолақтың түсін өзгерту арқылы мұны көрсетеді. Тестілеу процесін жеңілдету үшін жүйеге буфер қосылады, бұл антиденелері бар қанның жолаққа кедергісіз жетуіне мүмкіндік береді.

АИТВ-ға жедел тестілер (иммунохроматография әдістері) екі түрде болады, олар талдау үшін қолданылатын биоматериалдармен ерекшеленеді. Сілекей немесе саусақпен шаншып алынған қанды қолдануға болады. Егер АИТВ-инфекциясы болса, қан мен сілекейде арнайы антиденелер болады, олар тесттер арқылы анықталады. Көптеген жедел тестілер созылмалы (ұзақмерзімді) АИТВ-инфекциясын анықтау үшін өте дәл. Бүгінгі таңда ең танымалы – ауыз қуысының сұйықтығы мен қанды пайдаланатын ДДҰ алдын ала білігі бар төртінші буын жедел тесттері. Оларды АИТВ қызмет көрсету ұйымдарынан тегін сатып алуға немесе алуға болады.

